

ҚАПТАҒАН ҚОСАЛҚЫ МЕКЕМЕЛЕР КІМГЕ КЕРЕК?

2-бет



ТРАМП ПЕН КИМ ЧЕН ЫН АСТАНАДА КЕЗДЕСУІ МҮМКІН БЕ?

7-бет



ПОЧЕМУ В КАЗАХСТАНЕ ЗРИТЕЛЬ НЕ ИДЕТ НА ФИЛЬМЫ О ЗНАМЕНИТЫХ СООТЕЧЕСТВЕННИКАХ?

13-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ UNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz || qazaquni2000@gmail.com || 2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады || №16 (782), 23 сәуір, 2018




## ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ

Жасым жиырма екіде, 1962 жыл, қара күз. Мен аспирантпын. Қазақ мемлекеттік университеті, филология факультеті, қазақ әдебиеті кафедрасы. Университетті осы жазда ғана бітіргем. Мені екінші курстан бастап қадағалаған ұлы ұстазым профессор Бейсембай Кенжебаев республиканың Жоғары білім министріне дейін барып жүріп, мен үшін бір орынды әрең сұрап алып еді...

8-9 бет

# ҚАНДАСТАРЫМЫЗДЫҢ ТАҒДЫРЫН ҚЫТАЙҒА ТАПСЫРЫП, ҚАРАП ОТЫРА БЕРЕМІЗ БЕ?



Қазақстан Үкіметі, Үрімжіге баратын Сыртқы істер министрлігі делегациясы алдын-ала Қытай ырқына жығылуға дайындалып бармай, тең атаның ұлы ретінде теңдік сұрап, қандастарымыздың халін жақсартуға күш салуы керек деп білеміз.
Қазір Қытайдағы қазақтардың қиын жағдайы еліміздегі ең басты тақырып болып тұр. Қытайдағы 1,5 миллионнан астам қандасымыздың заңды құқықтары мен діни құқықтарының шектеліп жатқаны белгілі жәйтке айналды. Былтыр 23-маусымда Дүниежүзі қазақтарының құрылтайында Елбасының ерекше тапсырмасын алған ҚР Сыртқы істер министрі Қ.Әбдірахмановтың өзі де жақында бұндай қиын жағдайдың растығын айтып, ресми мәлімдеме жасады.

4-5 бет




# ЛАТЫНҒА КӨШКЕНІМІЗГЕ ШОВИНИСТЕР ШОШЫҒАН САЙЫН ЕЛБАСЫҒА РИЗА БОЛАМЫН!

Ресейдің Кремльге байланған шынжыры жеткен жерге дейін үретін Владимир Соловьев дейтін журналисі Қазақстанның латын әліпбиіне көшкеніне шала бүлінді. «Қазақтар да өзі жазу-сызу болған ба » деп, өз сөздеріне өздері мәз болды сыбайластарымен. Оның ар жағында әрине, кеше Қазақстанның БҰҰ-дағы Ресейдің АҚШ-ты айыптаған қарарына қосылмай қалыс қалуына деген қара қазан өкпелері қабынулы болатын. Әрине, Қазақстан өз ұстанымына сай келмесе, дауыс бермейді, өйткені Тәуелсіз мемлекет емеспіз бе?

3 бет



# МИНИСТР МЕКТЕПТЕ ОҚЫМАҒАН БА?

Еліміздің экономикасының тізгінін қолында ұстап отырған министр Тимур Сүлейменов қазақстандықтардың өткен наурыз айындағы жалақысын шотқа салып, тұрғындарымыз орташа есеппен қанша айлық алғанын санап үлгеріпті.

3 бет

Торегали КАЗИЕВ:

# КАЗАХ ДЕРЖАЛ НА ПЛЕЧАХ НЕБО!

Казахстанские ученые сопоставили ДНК казахов и воинственного народа хунну, а также представителей андроновской культуры, более известных как арии. Между тремя этими народами обнаружились близкие родственные связи. Исследование проводил научный руководитель проекта Shejire DNA Жаксылык Сабитов. Он выяснил, что андроновцы, жившие на территории Казахстана около 3-4 тысяч лет назад, имеют набор генов, который часто встречается у казахского рода табын.

11 бет



050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К.Сейітов көшесі, 11 үй. Байланыс телефоны: 8(727)398-57-31 Жазылу индексі – 65380

# БОРЫШКЕР БАНКТЕРДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТОҚТАТЫЛАДЫ

**Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттен ақша алып, оны қайтармаған коммерциялық банктерге қатаң ескерту жасады. Борышкер банктердің атын атап, түсін түстеген Елбасы олардың қожайындарына әр тиынды дереу қайтаруды талап етті.**



«Эксим Банк», «Казақбанк», «Астана» банктері сияқты құлықтарына құрық бойламайтын қаржы ұйымдары қазынадан бөлінген ақшаны басқа мақсатқа жұмсап жіберген. Қаржыны қайтаруды қатал ескерткен Елбасы екінші деңгейлі банктерді қаржыландыру бағдарламасының тоқтатылатынын айтты. Өйткені, мемлекет коммерциялық банктерді дағдарыс кезінде қолдап 3 триллион теңге бөлсе де қайтарым жоқ. Тіпті қазынадан бөлінген триллиондарды несие ретінде таратудың орнына, басқа жобаларға салған. Немесе депозитке салып, тек өздерінің жеке пайдасын қарастырған. Ақордаға елдің қаржы-экономикалық тұрақтылығына жауаптыларды жинаған Нұрсұлтан Назарбаев Ұлттық банк төрағасынан теңге тағдырын да сұрастырды. Данияр Ақышев болса, АҚШ-тың Ресейге салған санкциясы төл валютаны белгілі бір деңгейде құлдыратқанын толықтай мойындады. Есесіне нарықтың толық тұрақталғанын мәлімдеді. Ақышевтің жұмысына көңілі толған Елбасы оған жөн-жосықсыз тисетіндерді тағы сынға алып, ескерту жасады.

# ҚАПТАҒАН ҚОСАЛҚЫ МЕКЕМЕЛЕР КІМГЕ КЕРЕК?

**Мәжілістің жалпы отырысында Нұрлан Нығматулин бір мемлекеттік бағдарлама жариялана қалса, соның төңірегінде түрлі акционерлік қоғамдар қаптап кететінін сынға алды.**



«Kazakh Invest» басшысы Сапарбек Тұяқбаев шетелден инвестицияларды тарту бағытында Қытай, Түркия, Франция, Германия мен АҚШ-та бес өкілдік жұмыс істеп жатқанын атап, алдағы уақытта компания Нью-Йорк пен Лондонда, БАӘ-де тағы үш өкілдік ашпақ ойын білдірді. Осы ретте Нұрлан Нығматулин жөні-жоқсыз акционерлік қоғамдарды құра беру мәселесіне пікірін білдірді. «Кезінде «Самұрық-Қазына» ондаған өкілдіктерін қысқартқан еді. Енді басқа амалмен келе жатырмыз. Кез-келген тапсырма, бастама немесе мемлекеттік бағдарлама бастала қалса, АҚ құра кетеміз. Содан кейін бастықтарды, орынбасарлары мен шетелдік кеңесшілерді қаптатамыз», – деді Нұрлан Нығматулин «2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңының жобасын талқылау кезінде. Қазақстанға инвестицияларды тарту бойынша 2018 жылы бюджеттен 5,5 млрд. теңге жұмсалмақ. Бұл ақша тарту емес, ақша шашу емес пе? Түрлі мекемелерді жөн-жосықсыз ашу мемлекет қаржысын мақсатсыз жұмсау екенін айтты Мәжіліс төрағасы. Нығматулин сол сияқты ешқандай нәтиже бермейтін әлеуметтік зерттеулерге жұмсалатын миллиардтаған қаржыны тексеруді де ұсынды. «2018 жылға арналған бюджетке әлеуметтік зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін 17 мемлекеттік орган қазіргі дейін 7,2 млрд. теңге салған. Бүгінгі айқындалған бюджетте әлеуметтік зерттеулер үшін тағы да 3,3 млрд. теңге қарастырылып отыр. Дәл осы бюджетте мүгедектерді бағатын адамдарға бөлінетін жәрдемақы үшін 2,7 млрд. теңге қарастырылуда. Жуықта ғана болып өткен су тасқындарына байланысты ІІМ қазір осы бағытта 1,6 млрд. теңге бөлгелі отыр. Бізде әлеуметтік зерттеу саласында су тасқындарынан да зор төтенше жағдай туындап отыр ма?», – деді Нұрлан Нығматулин.

# САНДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ЕКІ БАҒЫТТА ЖҮРГІЗІЛЕДІ

**ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев халықтың цифрлық сауаттылығына байланысты белгіленген екі бағытты атап көрсетті.**

Министрдің айтуынша, халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру негізгі екі бағыт бойынша жүрмекші. «Біріншісі – орталық мемлекеттік органдар халық пен кәсіби кадрларға осы сала бойынша жан-жақты білім береді. Ал екінші бағыт бойынша ел тұрғындарын жергілікті атқарушы органдар оқытатын болады», – деді Дәурен Абаев.

Бірінші бағыттың аясында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Денсаулық сақтау, Білім және ғылым, Ауыл шаруашылығы министрліктері жауапты мемлекеттік органдар ретінде қатысады. Аталған мемлекеттік органдар цифрлық сауаттылыққа байланысты қосымша білім беруге атсалысады.

«Мәселен, Ұлттық экономика министрлігі «Бизнесті жүргізу» атты кәсіпкерлерді ауқымды оқыту жұмыстарын жүргізіп жатыр. Демек, осы оқыту бағдарламасына цифрлық саланы қосу жоспарланған. Осыған ұқсас тәсілді педагог кадрлар мен тағы басқа мамандардың біліктілігін арттыру кезінде пайдалану көзделген. Оқытуға жоспарланған кәсіби мамандардың саны – 385 мың адам. Сонымен қатар, 8 миллион азаматты мемлекеттік электрондық қызмет алуға және онлайн-сауда жүйесін игеру бойынша базалық білімге үйрету көзделген. Бұл «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы мен «Қазпошта» АҚ базасында жүзеге асырылады», – деді Дәурен Абаев.

# АСТАНА ТОЙЫ ТЫМ ҚЫМБАТҚА ТҮСПЕКШІ

**Астананың 20 жылдығына 19 миллиард теңге жұмсалмақшы. Бұл айтулы мерекелік шараға осыншама қомақты қаржы керектігін Мәдениет министрлігі өкілдері айтты.**

Бірақ, астана тойының осыншама шығыны сенаторларға ұнамай қалды.

– 19 миллиард теңге. Ол бес-алты күнде өтіп кететін шара ғой. Көп болса, бір жұма өтер ары кеткенде. Ал енді мына денсаулық сақтау мен мектеп салуға барлығы 7 миллиард теңге ақша жұмсалмақ. Бұл сонда қандай шаралар? – деді сенатор Мұрат Бақтиярұлы.

Елге ең қажетті нәрселерге келгенде ақшасын там-тұмдап жұмсайтын шенеуніктердің бұл жоспарын сенаторлар осылай сынға алды. Мәселен, дәл осындай қаражат былтыр елдегі бүкіл мемлекеттік қызметкерлердің жалақысын өсіруге жұмсалған екен. Бір айта кетерлігі, Астана күнін тойлауға кететін бюджет шығыны жыл сайын қарқынды ұлғайып келеді. Мәселен, 2009 жылы небәрі 120 миллион теңге жұмсалса, 2014 жылы 700 миллионға өскен. Ал биыл рекордтық көрсеткішке жетті. Ал қыруар қаржыға қарық болатын министрлік өкілдері шаралар апталық емес, жыл бойы жалғасады деген сылтау айтып отыр.

– Барлығы 18 миллиард 800 миллион теңге. Оған Астананың 20 жылдығын тойлау аясында 85 шара өткізу жоспарланған. Біздің Қаржы министрлігі толық қолдап отыр. Ол ақша бюджетте қарастырылып қойылған. Біз сол шараларды абыроймен атқарамыз деп отырмыз, – деді ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Сәкен Мұсайбеков.



# ҚОЛДА БАР ҚАРЖЫНЫ ҰҚСАТА АЛМАЙ ОТЫРМЫЗ

**Бюджет қаржысының игерілмеуі «созылмалы сырқатқа» айналды. Мемлекеттік органдардың қаржылық жоспарлау мен атқару проблемалары жылда қайталанады. Бұл туралы Үкімет отырысында І тоқсандағы бюджет қаржысының игерілуі жайлы баяндаған Қаржы министрі Бақыт Сұлтанов мәлімдеді.**

«95 млрд. теңге бюджет қаражаты игерілмеді. Оның 6,5 млрд. теңгесі – үнемделген қаржы. Ал, нақты игерілмеген сома 88,9 млрд теңгені құрап отыр. Бұл – 2017 жылдың 1-сәуіріндегі көрсеткіштен (47 млрд.теңге) 1,8 есе көп. Осы соманың 62,1 млрд. теңгесі Қорғаныс министрлігіне тиесілі. Басты себебі – мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстың 12 ақпанға бекітілуіне байланысты конкурстардың кеш өткізілуі», – деді Бақыт Сұлтанов. Оның айтуынша, игерілмей қалған қаражаттың 20 млрд. теңгесі Мәдениет және спорт, Ішкі істер, Ауыл шаруашылығы, Білім және ғылым, Әділет министрліктері мен Ұлттық қауіпсіздік комитетіне тиесілі. «Осы проблеманы біз жыл сайын көтереміз. Бірақ, айтылған мемлекеттік органдардың қаржылық жоспарлау мен атқару проблемалары жылда қайталанып отыр. Бұл мәселеде орталықтағы қаржы саласындағы әріптестерімізді жергілікті мамандардан үлгі алуға шақырамын. Жергілікті бюджеттердің шығыстары 823 млрд. теңгеге игерілді. 20 млрд. теңге орындалмады. Бұл көрсеткіш былтырғы жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 26 пайызға жақсарды», – деді Бақыт Сұлтанов.

# ЖАНАРМАЙ МӘСЕЛЕСІ ҚАЙТА КӨТЕРІЛДІ

**Елімізде бір айға жететін жанармай қоры қалды. Үкіметтегілер бензин бағасына қатысты тағы да уәдені үйіп-төкті. Шымкенттегі мұнай өңдеу зауытының жөндеуге жабылғанымен, одан тапшылық болмайды дейді Энергетика министрлігі өкілдері.**



ҚР Энергетика вице-министрі Махамбет Досмұхамбетовтың айтуынша жанар жағармай нарығында жағдай тұрақты және тапшылық байқалмайды. Ішкі нарықты қамтамасыз етуге қажетті жанармай қалдықтарының көлемі бір айлық қорды құрайды. Бензин 322 мың тонна, ал дизель отыны 334,8 мың тонна. Шымкенттегі мұнай өңдеу зауыты өткен аптада жоспарлы жөндеуге жабылған. Алда көктемгі егіс науқаны тұр. Кәсіпорынның нақты қашан қайта іске қосылатыны әзірге белгісіз. Айта кетейік, былтыр күзде Атырау мен Павлодардағы зауыттардың бірінен соң бірі жөндеуге жабылуынан бензин жетіспеушілігі болғаны белгілі. Ол кезде тапшылыққа жол берген Энергетика вице-министрі Әсет Мағауов қызметінің қуылып, министр Қанат Бозымбаев қатаң сөгіс алған болатын. Бұл жолы жанармай тапшылығы болмайды деп уәде еткен жауаптылар уәде үдесінен шыға алар ма екен?..

# ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ АҚШАСЫН ҰРЛАҒАНДАР СОТТАЛДЫ

**Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қаржысын жымқырғандарға қатысты сот шешім шығарып, Руслан Ерденаевты 12 жылға бас бостандығынан айырды.**

Сондай-ақ, сот Ерденаевтан 400 мың АҚШ долларын яғни 132 миллион теңгені тәркілеуді бұйырды. БЖЗҚ бұрынғы басшысы өмір бақиға мемлекеттік қызметте жұмыс істеу құқығынан да айырылды.

Сот ешкімге аяушылық танытқан жоқ. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры бастығының бұрынғы орынбасары Дабыт Медетбеков 11 жылға сотталып, одан 98 миллион теңге тәркіленді. Қордағы департамент басшысы Мұса Бахтов 7 жылға, «Бозгул Аурум» ЖШС-нің экс басшылары Бақытжан Кенжебаев 8 жылға, ал Азат Найзағарин 7 жылға сотталды. Талғас Тұртаев болса бір жылға сотталып, амнистия бойынша сот залынан босап шықты.

Естеріңізге сала кетейік, 2016 жылдың 6 қазанында БЖЗҚ 5 миллиард теңгеге құнды қағаздар сатып алған. Бірақ тексере келе бұл ешқандайда құнды қағаз емес қаржы жымқырудың әрекеті екені анықталып, зейнеткерлердің ақшасын талантаражға салғандар бірден қамауға алынған болатын.

# ЛАТЫНҒА КӨШКЕНІМІЗГЕ ШОВИНИСТЕР ШОШЫҒАН САЙЫН ЕЛБАСЫҒА РИЗА БОЛАМЫН!



**Ресейдің Кремльге байланған шынжыры жеткен жерге дейін үретін Владимир Соловьев дейтін журналисі Қазақстанның латын әліпбиіне көшкеніне шала бүлінді. «Қазақтар да өзі жазу-сызу болған ба » деп, өз сөздеріне өздері мәз болды сыбайластарымен. Оның ар жағында әрине, кеше Қазақстанның БҰҰ-дағы Ресейдің АҚШ-ты айыптаған қарарына қосылмай қалыс қалуына деген қара қазан өкпелері қабынулы болатын. Әрине, Қазақстан өз ұстанымына сай келмесе, дауыс бермейді, өйткені Тәуелсіз мемлекет емеспіз бе?**



**Қазыбек ИСА**





«Қазақтар да өзі жазу-сызу болған ба?» демекші, Ресейдің астанасы Мәскеу бастап орыс княздықтары түгел Қазақстан мұрагері болып табылатын Алтын Ордаға талай жыл салық төлеп тұрғандарын ұмытып қалған сияқты. Князьдары таққа отырарда Алтын Орда ханының табанының ізі түскен тақтаны сүйіп, ант беретіндіктерін бейнелеген орыс суретшісі В.Орлов-Петровтың 1912 жылы салынған «Княздікке ант беру» (Алтын Ордаға адалдыққа ант беру) деген үлкен картинасы бар екенін де естеріне саламыз. (Бұл тарихи тағылымды картина таяуда «Қазақ үні» газетінің бірінші бетіне тұтас жарияланып, Qazaquni.kz ұлттық порталының басты бетінде тұрақты тұратын болады.) Жалпы Ресейдің сиырдың бүйрегіндей бөлшек-бөлшек княздықтарының басы бірігіп, біртұтас мемлекет болғаны үшін Алтын Ордаға қарыздар екенін ресейлік ғалымдардың өздері жарыса жазып жүр қазір.

Ал Александриядан кейінгі әлемдегі екінші кітапхана орналасқан, Аристотельден кейінгі екінші ұстаз Әл-Фарабидің отаны Отырарда елу мыңдай халық болғанда Мәскеуің түгілі Лондон мен Парижде он мыңға жуық қана тұрғын болғандығы белгілі. Ал түркінің төл жазуы дәуірлеп тұрған ол кезде славян жазуы жоқ болатын, ал Мәскеуіңнің иісі де жоқ еді..

Бұлар Қырымды заңсыз тартып алғасын, Украинаны айтып, жан-жағына жалақтап қоятын әдеттері бойынша ана жылы Белоруссияның жеріне де көз аларткан еді. «Кетпеннің басын бассаң, сабы маңдайыңа тиеді» дегендей, батыр батько Александр Лукашенко «Euronews» телеарнасына берген сұхбатында Ресейдің Қырымды өзіне қосып алу саясатын сынай келіп: «***Олай болса, Бату ханның кезеңіне оралайықшы... Онда Қазақстанға Ресей территориясы мен Шығыс Еуропаны және Батыс Еуропаны қайтарып беру керек болады***» – деп, қақ маңдайынан сарт еткізген. Содан естерін енді жия бастаған болуы керек, қайтадан тағы да Қазақстанға қырын қарай бастапты...

Латын демекші, 2013 жылы мен «Латын әліпбиіне қарсылық – ұлттық мүддеге қарсылық» атты мақаламда латынға қарсы шыққан қазақ зиялыларына «Сіздер сонда орыстың кириллица қорасынан шығып, латын әліпбиіне өтуіне жандары шыға қарсы болып жатқан орыс шовинистері жириновскийлерді, лимоновтарды қолдайсыздар ма?» деп, сынаған болатынмын. Міне, тағы да жириновскийлердің жалғасы табылып жатыр...

ЛАТЫНҒА КӨШКЕНІМІЗГЕ ШОВИНИСТЕР ШОШЫҒАН САЙЫН ЕЛБАСЫҒА РИЗА БОЛАМЫН! Сырттан да, іштен де қарсылықтар болып жатса да, Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев табанды түрде тарихи шешім қабылдап, Рухани Тәуелсіздігімізге батыл қадам жасады.

Кеше Ақпарат және коммуникация министрі Дәурен Абаевтың «Соловьев деген журналисті танымаймын, ондай хабарды да білмеймін» – дегені де дұрыс болды. Танысын, танымасын, мәселе министрдің ресми жауабында! Иә, Мәскеудегі көптеген көбікауыз журналистердің бірін өзге елдің, Тәуелсіз мемлекеттің министрі тануы тиіс пе? Ресейдің Ақпарат министрі біздің Нұртілеу Иманғалиұлын немесе Бейсен Құранбек пен Берік Уәлиді таниды ма? Сол секілді қарау керек. Бұны әрине, «Орыстарға қазақша сөйлеуге болады ма, бұл не сұмдық?!.» деп, шалқасынан түсіп, Рузаның етегіне жармасатын павлодарлық көптеген қазақ зиялылары секілді құлдық санадағылар ғана түсінбеуі мүмкін... Ресейдің иті мен құсын да танып, жеті атасын жіліктеп беруді мәртебе санайтын құлдық психологиядан арылмағандарға Ақпарат министріміз үлгі көрсетіп, тыңнан түрен салып берді...

Ал Сыртқы істер министрлігінің мәскеулік журналиске шара қолданбақ болып жатқанын тек қана куана қолдаймыз.

Өткен жылы Кремльдің осы сұрқы жаман сұрқылтайын аттай қалап, Астанаға шақырып алып, аузына қарап, қалтасын қаржыға толтырып берген, аяғына оралып, жанына жармасып суретке түсіп, арманына жеткен Арманжан Байтасов бастаған алаөкпелер не дер екен енді? Оған дейін де Қазақстанның үстінен ат айдап жүрген Соловьев болса, Мәскеуге барғасын өзін сығып алудың орнына, жайылып төсек, жығылып жастық болып қарсы алған қазақ зиялыларының алжыған бейшара екеніне тағы да көзі жеткенін айтып, масқара қылды. «**Менің ашықтан-ашық неоимпериялық позициямды біле отырып, өзін тәуелсізбін деп жүрген бұл ел маған ешнәрсе істей алмады! Айтарымды айттым, ақшамды да қапшықтап таптым!**», – деп, қазақстандықтардың тартқан табақтарын бастарына төңкере салды...

Міне, нағыз құлдық санадағылар осы Соловьевтің Астанаға келуін ұйымдастырғандар! Енді олардың не ойлайтындарынан, әрине, Соловьевтың тілінде – Ресей тілінде ойлайтындықтан да, ешқандай үміт күтуге болмайды! Менің де олармен шаруам жоқ!

Алдымен ұлттық мүддені ойламаған жерде мемлекеттің іргесі берік болмайды.

*Qazaquni.kz*

# МИНИСТР МЕКТЕПТЕ ОҚЫМАҒАН БА?

**Еліміздің экономикасының тізгінін қолында ұстап отырған министр Тимур Сүлейменов қазақстандықтардың өткен наурыз айындағы жалақысын шотқа салып, тұрғындарымыз орташа есеппен қанша айлық алғанын санап үлгеріпті. Оның айтуынша Қазақстанда осы жылдың наурыз айында орташа айлық еңбекақы нақты көріністе 2,4 пайызға өсіп, 153,2 мың теңгені құрапты.**



Бұл туралы Үкімет отырысында ҚР Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов ауыз толтырып мәлімдеді. «Есептік кезеңде ЖІӨ өсуі 4,1 пайызды құрады. 2017 жылдың сәйкес кезеңінде ЖІӨ 3,6 пайыз болған еді. Мұндай серпін өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының, көрсетілетін қызметтер саласының өсуімен байланысты. Сондай-ақ, жалпы ішкі өнімнің ұлғаюына инвестициялардың жоғарғы өсімі мен төмен инфляциялық процестер септігін тигізуде. Инфляция жыл басынан бері 1,8 пайызды құрады. Бұл 2017 жылдың сәйкес кезеңі бойынша 0,5 пайызға төмен. Жылдық мәндегі инфляция 6,6 пайызды құрады», – деп қуанты жиналғандарды.

Былтырғыға қарағанда ел экономикасында сәл де болса алға жылжу бар шығар, оған ешкімнің таласы жоқ. Бірақ, министрдің қазақстандықтардың орташа жалақысы туралы есебіне ешкім сенбесі анық. Онысы нақты есептен гөрі ертегіге көбірек ұқсайды. Біздегі тұрақты жұмыс істейтін, саны жағынан ең көп мемлекеттік қызметкерлер саналатын мұғалімдер, тәрбиешілер, дәрігерлер, медбикелер мен әкімдіктегі қарапайым қызметкерлердің жалақысы 80 мыңға жетпей жатса, 153 мың теңге орташа жалақы қай жақтан пайда болды? Ал, жеке кәсіпорындар мен құрылыста таңғы сегізден кешкі сегізге дейін істейтіндер де 100 мың теңге таппайды. Оның үстіне құрылыс маусымы әлі басталған жоқ. Миллиондаған жұмыссыз жүргендерді бұл басқатырғыш жұмбақ есепке қоспаған күннің өзінде мұндай қомақты сома шықпайды. Әлде бұл бір ғана Экономика министрлігі штатының орташа айлық жалақысының көрсеткішін бүкіл қазақстандық тұрғындарға жапсыра салу ма? Наурыз айы аяқталмай жатып бұл көрсеткіштерді қалай ғана тез жинап алды? Әдетте бір компанияның есеп-қисабын тексеруге кем дегенде бір ай уақыт қажет. Қазақстандықтардың деген соң оған барлық жұмыс істейтін тұрғындардың табысы кіруі керек емес пе? Осы жағын ескерсек, орташа жалақы 153 мыңның маңайына жоламайтынын бесінші сыныптың оқушысы да шығарып бере алады. Әлде біздің министр бастауыш сыныпта математика пәнін оқымаған ба? Біздінше Сүлейменов қол астындағылардың қиялынан туындап, «тисе терекке, тимесе бұтаққа» деп дайындап берген жалған ақпаратын жариялай салған. Мұндай есеп құлаққа қонымды болу үшін барлық сала мен еліміз бойынша еңбек ететін адамдардың табысын түгелдей түбегейлі тексеріп, нақты зерттеу жүргізу қажет. Сонда ғана 153 мың теңгелік орташа жалақының жеті қабат жер астынан шыққанын немесе аспаннан аяғы салбырап түскенін нақты білетін боламыз.

**З.АБАЖАН**

■ ПАРЛАМЕНТ ТЫНЫСЫ



## Азат ПЕРУАШЕВ:

# «ҚАЗАҚИНВЕСТТІҢ» ҚЫЗМЕТІ ТАРТЫЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ БАҒАЛАНУЫ ТИІС

**«Қазақинвест» мемлекеттік компаниясының қызметі шетелдіктермен өткен кездесулер саны бойынша емес, нақты тартылған инвестициялардың негізінде бағалануы тиіс – бұл туралы Азат Перуашев 2018–2020 жылдарға арналған республикалық бюджетке өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын талқылау барысында мәлімдеді.**

«Ақ жол» фракциясы мемлекеттік органдар бюджеттік бағдарламалардың орындалуын бағалауға аса жауапты көзқараспен қарауға тиіс деп санайды. Оған дәйек ретінде инвестицияларды тартуға жұмсалған шығындар көрсетілді.

Дубайдағы, Лондон және Нью-Йорктегі «Қазақинвест» акционерлік қоғамының үш өкілі мен 3 көмекші ассистентін ұстауға бюджеттен 1 млрд. 100 млн. теңге көлемінде қаржы бөлу қарастырылған.

Сонымен бірге, айтпақшы, «Қазақинвест» АҚ-ның ресми деректеріне сүйенсек, ең көп инвестициялық жобалар Қазақстанға жаңағы аталған мемлекеттерден емес, Қытайдан (61), Ресейден (26) және Түркиядан (20) келеді екен.

«Неліктен инвестициялық белсенділікті ұлғайту үшін Қытай, Ресей немесе Түркия елдеріндегі өкілдіктер емес, атап айтқанда, дәл сол Дубай, Лондон және Нью-Йорк қалаларындағы өкілдер таңдалған? — деген сауалды қойды депутат. — Мүмкін, мемлекеттік компания өкілдеріне осы лайықты қалаларда өмір сүруге және жұмыс істеуге қолайлы шығар, алайда өз жеке басының субъективті қалауына емес бағыт-бағдарды таңдауда серіктестердің нақты инвестициялық белсенділіктеріне сүйене отырып әрекет ету керек болатын».

Бұдан басқа, «акжолдықтарды» таңқалдырғаны — сол шетелдегі өкілдердің жұмысы қандай жолмен, қайтіп бағаланатыны. Сөйтсе, үкімет олардың атқарып жатқан жұмысын табысты деп мойындау үшін шенеуніктер бір жыл ішінде инвесторлармен алғашқы 10 кездесуді, өзара байланысты әрі қарай дамыту мақсатында тағы бір 10 рет басқосу, бизнестік іс-шараларға қатысу, екі әлеуетті инвесторлардың Қазақстанға іс-сапармен келуін өткізу және де қарқынды, әлеуетті инвесторлармен кем дегенде екі меморандумға қол қою сияқты жұмыстарды жүзеге асыру қажет екен.

«Жарияланған жаһандық жоспардың аясында бұл — тіптен көңілге қонбайтын дүние, сенімсіздік тудырады», — деді депутат. — Менің ойымша, жылдың 220 жұмыс күнінің ішінде кәсіпкерлермен бар болғаны 20 рет кездесу, оның үстіне мемлекеттің есебінен, айтарлықтай үлкен күш жұмсауды қажет етпейді.

Алайда, неліктен бұл өкілдердің біздің елімізге нақты қандай көлемде инвестициялар тартуы қажет екені туралы бірде-бір сөз айтылмаған?»

Азат Перуашев елге тартылған инвестициялардан түсетін кірістер, тұтастай алғанда Қазақстан экономикасына деген пайдасын айтпағанның өзінде, ең болмағанда, мұндай шетелдік өкілдіктерді қолдау үшін бюджеттен бөлінген шығындардың орнын толтыруы тиіс екенін баса айта отырып, «Қазақинвест» ұлттық компаниясының өкілдеріне осындай талаптарды енгізуді ұсынды.

*«Ақ жол» партиясының баспасөз қызметі*



# ҚАНДАСТАРЫМЫЗДЫҢ ҚЫТАЙҒА ТАПСЫРЫП,

**Қазақстан Үкіметі, Үрімжіге баратын Сыртқы істер министрлігі делегациясы алдын-ала Қытай ырқына жығылуға дайындалып бармай, тең атаның ұлы ретінде теңдік сұрап, қандастарымыздың халін жақсартуға күш салуы керек деп білеміз.**

**Қазір Қытайдағы қазақтардың қиын жағдайы еліміздегі ең басты тақырып болып тұр. Қытайдағы 1,5 миллионнан астам қандасымыздың заңды құқықтары мен діни құқықтарының шектеліп жатқаны белгілі жәйтке айналды. Былтыр 23-маусымда Дүниежүзі қазақтарының құрылтайында Елбасының ерекше тапсырмасын алған ҚР Сыртқы істер министрі Қ.Әбдірахмановтың өзі де жақында бұндай қиын жағдайдың растығын айтып, ресми мәлімдеме жасады.**

**Қытайдағы қандастарымыздың жағдайына алаңдаған «Ақ жол» партиясының төрағасы Азат Перуашев бастаған фракция депутаттары бүгін тағы да ҚР Сыртқы істер министрі Қ.Әбдірахмановқа ресми хат жолдады.**

**«Қазір Қытайдағы кейбір қазақ қандастарымыздың жағдайы елімізді де алаңдатып отыр. Бұл көрші елдегі 1,5 миллионнан астам қандасымыздың заңды құқықтары мен діни құқықтарының шектеліп, паспорттарының жинап алынып, ал елден шығуы үшін шетелдік паспорттардың берілуіне кедергі жасалып жатқаны жайлы ақпарат баспасөзде аз жазылып жатқан жоқ. Былтыр 23 маусымда Дүниежүзі қазақтарының құрылтайында өзіңіз де бұл мәселе туралы хабардар екеніңізді айтқансыз.**

**2017 жылдың 2 желтоқсанында Қытай астанасы Бейжінде Әлемдік саяси партиялар көшбасшылары форумына қатысқан «Ақ жол» партиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев пен партия төрағасының орынбасары Қазыбек Иса Қытайдағы қамауда отырған 112 адамның тізімі жазылған хатты Қытай Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Халықаралық істер бөлім меңгерушісінің орынбасары Шэн Бэйли ханымға тапсырды.**

**Сонымен бірге біз қандастарымызға зияны тимесін деп, әділеттілік сұрадық. Бұл мәселе сол сапар барысында, ҚКП ОК Халықаралық бөлімінің басшысы Сун Тау мырзамен кездесуде де ауызекі айтқанбыз. Осы тізімді дәл осы сұрақтармен «Ақ жол» партиясы атынан Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы Елшілігіне де жібердік.**

**Кейін, Астанаға келген Қытай Коммунистік партиясы Орталық комитеті Канцелярия Меңгерушісі Лэн Жун мырзамен де «Ақ жол» партиясындағы кездесуде бұл мәселе сөз болды. Бірақ Қытай тарапынан осы үндеу-хаттарымызға жауап әлі ала алмай отырмыз.**

**Осыған орай, Қытай мемлекетіне сапар шеккен СІМ-нің делегациясына тағы да «Ақ жол» басшылары мен ҚР Парламент депутаттарының қазақ қандастарымыздың тағдырына байланысты көтерген мәселелері мен сұрақтарына тағы да назар аудара отырып, олардың азаматтық, мәдени, діни құқықтарын қорғауды, қолдауды сұраймыз»** — деп жазылған ресми хатта.



Иә, Қытай билігіне тапсырған бұл тізімді Астана мен Алматыдағы партия кеңселеріне біз Бейжінге жүрер алдында Қыдырәлі Оразұлы, Серікжан Біләш, Құл-Керім Елемес пен Бейсен Ахметұлы бауырларымыз әкеп өткізген болатын. Сонымен қатар қытай билігіне «Ақ жол» партиясы атынан да арнайы хат тапсырылды. Екеуінің де қытайша аудармасы да қоса берілді.

Біз бұл қамаудағы қандастарымыз Қытай азаматы болып табылатындықтан, өзге елдің ішкі ісіне араласа алмайтынмызды мәлімдедік. Дегенмен, Қытайдағы қиындыққа душар болған қазақтардың Қазақстандағы туған-туыстары қатты мазасызданып отырғандықтан, бұларды қытай полициясы неліктен қамап тастады, олардың жазығы не, жағдайы қандай екенін тексеруді өтіндік Шэн Бэйли ханым бұл жағдайды анықтап, Шыңжан-Ұйғыр автономиялық ауданы басшыларына жауабын беруге тапсырма беретінін мойнына алды. Сөйтіп, дипломатиялық тіл табысу арқылы бір жарым миллиардқа жуық халқы бар кемел елдің келісімін ала білдік.

Әрине, елдің арқалатып жіберген аманатын орындау кез-келген партияның, қазағым деген кез-келген қайраткердің атқаруы тиіс шаруа деп білеміз.

Дегенмен, жағдайдың оналар түрі жоқ.

# ТАҒДЫРЫН ҚАРАП ОТЫРА БЕРЕМІЗ БЕ?

Қазір Қытайға барып келген азаматтардың айтуынша, «Ассалаумағалайкум» деп ауыз толтырып амандасқан адам, айтып, аузын жапқанша, абақтыдан кем емес «саяси үйрену» қорасынан бір-ақ шығады. Құран ұстап, намаз оқығанның жағдайы тіпті қиындап тұр. Мешіттер жабылып, дін ұстанған азаматтар қудалауға ұшырауда. Қайтыс болғандардың жаназасы шығарылмайтыны да айтылуда.

Қазіргі кезде Қазақстан азаматтығын алса да, Қытайға тіркеуден шығуға немесе туған-туысына барған ағайындардың өзін «қос азаматтық» деп, себепсіз, түрлі сылтаулармен, соттың үкімінсіз түрмеге жабу немесе «саяси үйренуге» кіргізіп, болмаса паспортын алып бермей отырған фактілер жеткілікті.

Қытайдағы қандастарымыз Қазақстанмен сөйлескен күні сол сәтте «саяси үйренуге» айдалады. Сондықтан да болу керек, біздің өзіміздің де Үрімші мен Алтайдағы ағайындардың амандығын сұраған сауалымызға жауап ала алмай отырғанымызға бір жылға жуықтады...

Астана мен Алматыда Қыдырәлі Оразұлының өзінің ұйымдастыруымен-ақ бірнеше рет баспасөз мәслихаттары өтті. Оған Қытайда туған-туысы түрмеде отырғандар олардың фотоларын алып кеп, араша сұрады. Алматыдағы оралман бауырларымыз қала әкімшілігінен Қытайдағы қазақтарға жасалып жатқан қысымға қарсы митингі өткізуге рұхсат сұрағаны да белгілі.

Кеше, 16-сәуірде парламентте түсінік берген Қазақстан Сыртқы істер министрінің орынбасары Мұхтар Тілеуберді «Қытайда қуғын көріп жатқан этникалық қазақтар Қазақстанға келіп, оралман мәртебесін алған, бірақ Қытайда тұрақты тіркеуден шықпай, сол елдің жеңілдіктерін алып келуіне байланысты қамалып отыр. Сол себепті жергілікті билік бұған тыйым салып отыр. Сондықтан біз жеңілдіктер жасағанда оны жан-жақты қарап, Қытайдың талаптарына қайшы келмейтіндей жасауымыз керек», — деді.

Вице-министрдің : «Сондықтан, біз жеңілдіктер жасағанда оны жан-жақты қарап, Қытайдың талаптарына қайшы келмейтіндей жасауымыз керек» — дегеніне қарап, Үрімжіге бармай-ақ үркіп тұрған жоқ па деген ой келеді. Қытай неге Қазақстанның талаптарына қайшы келмеуді ойына да алмайды да, әдеттегідей біз иілуіміз керек?

Ал шындығында, қоғамдық ұйымдардан, жекелеген азаматтардан бізге, «Ақ жол» партиясына да, «Қазақ үні» газеті редакциясына да келіп жатқан ресми хаттарға қарасақ, Қытайдағы қандастарымыздың бәрі елге келіп, Оралман куәлігін алғаннан кейін Қытайдың тұрақты тіркеуінен шықпағандықтан ғана қамалып отырған жоқ. Қытай қазақтарында ешқандай да қосымша әлеуметтік жеңілдіктер жоқ. Ал зейнеткерлердің зейнетақысы мен медициналық жәрдем ақысына келсек, оның да ешқандай тұрақты тіркеуге қатысы жоқ. Тіркеуден шықса да, зейнетақы ала береді. Ол ҚХР заңында анық көрсетілген, Қытай азаматы қоныс аударса немесе өзге елдің азаматтығын алса да, азаматтығына қарамай зейнетақысы жалғасты бере береді. Бұл жөнінде ШҰАР жергілікті билігі Қытайдың өз заңын өзі атқармай отыр. 2017 жылдың соңы мен 2018 жылдың басында азаматтық алған қандастарымыздың бұрынғы қытай паспорты мен қытайдың азаматтық куәлігін Қытай елшілігі мен консулдығы қабылдап алмай, Қытайға барып тұрақты тіркеуден шығып кел деп, мәселені қолдан қиындатуда. Ал қандастар Қытайдың тұрақты тіркеуінен шығайын деп барса, түрлі сылтаулармен тіркеуден шығармауы былай тұрсын, саяси үйрену орталықтарына жөнелтіп жатыр дейді «Жебеу» Республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Омарәлі Әділбекұлы.

Сонымен бірге көші-қон туралы жаңа заңдық өзгерістер этникалық қазақтардың азаматтық алу мәселесін одан арман ауырлатып жібергенін, сондықтан заңға өзгерістер енгізу керектігін айтады Бейсен Бұқарбай мен Қыдырәлі Оразұлы бауырларымыз.

Иә, қазіргі Қытайдағы қазақтардың қиын жағдайы мен жалпы көші-қон саласында қордаланған мәселелерді сараптай келе нақты ұсыныстар жасауға тура келеді.

*1.Кейінгі қабылданған заң бойынша бұрынғы 1 жыл ғана жарамды Оралман куәлігін тек 3 айға ғана ұзартуға мүмкіндік берілген. Сонымен бірге, Оралман куәлігін уақыты өткеннен кейін 6 ай ішінде өтініш бермесе, Оралман куәлігінің уақыты ұзартылмайды. Бұл Азаматтық алу мәселесін одан ары қиындатып жіберетіні белгілі. Азаматтық алу үшін алдымен Оралман*





*куәлігін алып, сосын үй тауып, тұрақты тіркеуге тұрып, Ықтиярхат алу керек. Бұл үшін осы 1 жыл уақыт жетпей, мыңнан аса қандастар Азаматтық алаламай қалды, енді олар заң бойынша тек 5 жылдан кейін ғана Азаматтық ала алады. Егер олар 5 жыл күтсе, Қытай төлқұжаттарының уақыты өтіп кетеді де, оны ұзарту үшін олар Қытайға баруға мәжбүр, ал Қытайға барса түрмеге қамалады. Сол үшін Оралман куәлігін Азаматтық алғанша жарамды ету керек. Шын мәнінде 2011 жылдан бұрын Оралман куәлігі Азаматтық алғанша жарамды болатын. 2013 жылдары 7 жылға дейін жарайтын. Естеріңізге сала кетейік, 2016 жылы мыңдаған этникалық қазақтар Оралман куәлігінің уақыты өтіп кетуіне байланысты Азаматтық ала алмай, қиындықта қалғанын хабарлаған болатын. Осындай Азаматтық ала алмай жүрген қандастарымыз мыңдап саналады. Бұлардың Азаматтық алу мәселесі енді қалай шешілмек?*

*2.Ықтиярхат алмай тікелей Азаматтық алуға мүмкіндік жасау керек. Өйткені елге келген қазақтар Тұрақты тіркеуге тұру үшін, Ықтияр хат алу үшін, сосын Азаматтық алу үшін 3 рет шабылады.*

*3.Шетелден келіп оқып жатқан қазақ студенттерді Ықтиярхатсыз және Оралман куәлігінсіз тікелей Азаматтыққа қабылдау керек. Әсіресе, Қытайдан келген студенттерге тез беру керек, себебі оларды Қытай сақшылары түрлі сылтаулармен шақырып алып, қайта жібермей отыр. Осыған дейін 74 студент қысқы каникуль кезінде Қытайға барып ұсталып, қайта келе алмай қалған. Осы студенттерге және дайындық бөліміндегі оқып жатқан жастарға, сол университеттегі уақытша немесе тұрақты тіркеуі арқылы жергілікті көші-қон мекемесі Азаматтық беруі керек.*

*4.Кеше ғана бір Қытайдан келіп осында дайындық курс оқып жатқан қазақ студент (оның Қытайдағы отбасының қауіпсіздігі үшін аты айтылмай отыр) тіркеу уақыты өтіп кеткендіктен, Қазақстаннан шығарылды. Атамекеніне жылап кеткен ол енді Қытайға барған соң түрмеге тоғытылады. Сондықтан Тіркеу, Тіркелу секілді түрлі мәселелерде этникалық қазақтарға жеңілдетілген тәртіп енгізілуі тиіс. Уақытша тіркеу арқылы да Азаматтық құжат өткізуге мүмкіндік жасалуы керек. Қазақстанда оқып жатқан ҚХР азаматы болып табылатын ұлты қазақ студенттер мен оқушыларды үстіміздегі қыстық демалысқа барғанда паспорттарын жинап алып, бері қайтармай отырғаны да жазылуда.*

*5.Ал керісінше шетелдерден қазақтың атын жамылған өзге ұлт өкілдері елімізге еркін кіріп, заңды да, заңсыз да Азаматтық алып жатқандары белгілі. Оларға сондай жағдай жасаған көші-қон және миграция басқармасы басшыларының алды ұсталып та жатыр. Оларға тосқауыл қойып, мемлекеттік мүдде мен еліміздің Азаматтық алу мәртебесін көтеру үшін этникалық қазақтардан өзге ұлттарға Азаматтық алуда «Ақ жол» партиясы саяси бағдарламасында ұсынған Қазақстанның мемлекеттік тілі мен тарихынан емтихан тапсыру талабын енгізу керек.*

Қытайдағы қандастарымыздың кешеге дейін, Қазақстанға көшуге даңғыл жол ашылған ширек ғасыр бойы Атамекеніне алып-ұшып жетпей, екі елдің арасында қыдырыстап жүре берген кемшіліктерін де ақтай алмаймыз. Яғни, қазақ қай жерде де қазақ, әке-шеше Қытайдың жоғары зейнетақысын қимай, ұл-қыздар ата-анасынан аса алмай, асықпайық деп жүргенде, кеш қалып, енді темір қақпа қайта жабылды.

Әрине, Қытайда сансыз түрлі себеппен қамалғандардың көбісі сол елдің азаматы болғандықтан, басқа елдің ішкі саясатына араласуға хақымыз жоқ. Бірақ елшілігіміз бар, адам құқы мен діни еркіндігі туралы қабылданған халықаралық конвенциялар бар, дипломатиялық мүмкіндіктер арқылы ықпал етуге болады деп білеміз.

Биыл қаңтар айында Қазақстан Біріккен Ұлттар ұйымы Қауіпсіздік Кеңесіне бір ай бойы басшылық жасады. Сонда айдаладағы Ауғанстанның жағдайын қарағанда, Қытайдағы өз ағайындарымыздың да ауыр халіне алаңдасақ, сол өмірде бір-ақ рет шығатын халықаралық мінберге басшылық жасап отырып, пайдалана білсек, болмас па еді? Әлде біреу «өз қазағыңда не шаруаң бар?» деп біздің шапанымызды шешіп алар ма еді...

Қытаймен ішек-бауырымыз араласқан ынтымақтастық байланыстарымыз, түрлі халықаралық одақтарымыз неге осындайда өз ықпалын тигізе алмайды? Қытай билігі қандастарымыздың өз Атамекеніне – Ұлы дала еліне көшуіне түрлі кедергілер келтіріп, Ұлы көшке зор тосқауыл жасап отыр.

Қазақтың санын көбейте алмай отырғанда, Қытайдағы 1,5 миллион қазағымыздың тағдырын талқысына тастап, Қытайға тапсырып, қайрат-қарекетсіз қол қусырып қарап отыра беру Мәңгілік Ел болуды мақсат етіп, әлемдегі елеулі елу елге қосылған Қазақстан мемлекетінің атына сын екені анық. Қолымыздан қайран келмегенде айтатынымыздай «Бір құдайға тапсырдық» дегенімізбен, «Құдай да сақтансаң сақтайды» деген де сөз бар. Сақтықтың қамын жасап, ұлтымыздың бір бөлігін төніп келе жатқан зұлматтан арашалап алуға бәріміз жұдырықтай жұмылып, ықпал жасауымыз керек.

Сондықтан, Қазақстан Үкіметі, Үрімжіге баратын Сыртқы істер министрлігі делегациясы алдын-ала Қытай ырқына жығылуға дайындалып бармай, тең атаның ұлы ретінде теңдік сұрап, қандастарымыздың қамын жасап, халін жақсартуға күш салуы керек деп білеміз. Қандастарымызға қабырғасы қайысқан қалың елдің аманатын арқалап бара жатқандықтан, ауыр жүкті атқара білу шарт. Шырылдаған ағайынның шын жүректен шыққан сөздері жүректерге жетуде. Егер біздің билікте жүрек болса... (екі мағынасында да айтылған сөз).

Бір қаладан екінші қалаға көшудің өзі оңай емес. Сондықтан, шет елден шекара асып, арып-ашып келген ағайынға қашанда қамқор болуымыз керек. Қазақтың ұлттық рухын көтеріп, мәдениетіне зор үлес қосқан қандастарымызды бауырмалдығымызбен баурай білейік. Өзге ұлтты көрсе, құшағын, өз оралманын көрсе «пышағын» дайындап тұратын орысқұлдық санадан арылуға тиіспіз.. Бұндай құлдық құлық иелері билікте де, қоғамда да аз емес.

Қытайда жазықсыз қамауда отырған қандастарымыздың қапастан құтылуына қарлығаштың қанатымен су сепкендей әрбір қарекетіміз сеп болғай деп тілейміз. Арғы беттегі ағайындар тағдырына араласқан қадамымыз күрделі істің күрмеуі шешіліп, жағдайдың оңға басуына Ақ жол ашады деп үміттенеміз.

Әлемдегі әр Қазаққа Алла жар болсын!

**Қазыбек ИСА,**
**«Ақ жол» партиясы**
**төрағасының орынбасары**

*«Қазақ үні» газеті*
*Qazaquni.kz*

**Қазақ даласының әр тасын аударып қарасаң – байырғының әнін айта жөнеледі. Тауы, суы, кең даласы да бұрынғының әңгімесін бүгінге жалғап тұрғандай. Көне мен жаңаның алтын көмбесі – ежелгі Тараз маңындағы, шаһардың өзіндегі тарихи-мәдени ескерткіштердің әрқайсысының да айтар сыры, жыры, мұңы бөлек. Әрқайсысы әр дәуірдің, әр кезеңнің, әр заманның куәгері... ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы және Елбасының биылғы Жолдауын іске асыру аясында туризмді дамыту мәселелері бойынша келелі кеңес Тараз өңіріндегі Ақыртас тарихи кешенінде өтті. Жиын барысында Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы, Жамбыл облысының әкімі Асқар Мырзахметов, «Қазақстан темір жолы» ҰК «Жүктасымалы» АҚ президенті Оралхан Құлақов үшжақты Меморандумға қол қойды. Меморандум «Ежелгі Тараз» қалашығы республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, сонымен қатар ғылыми жобаларды және археологиялық зерттеу, консервация, реставрация жұмыстарын қарқынды жүргізу саласындағы бірқатар бағыттар бойынша ынтымақтастықты жалғастыруды көздейді...**

# ТАРИХЫН ТАСҚА ЖАСЫРҒАН...



Ең әуелі Ақыртас жайлы... Бұл тарихи кешен – күрделі құпияға толы алып нысан. Ақыртас сарайы аумағы 2,5 гектар жерді алып жатыр. «Оның 70-ке жуық бөлмесі болған», – дейді зерттеушілер. Жалқын қызыл тастары анандайдан меңмұңдалайтын көне мекеннің ішіне бүккен сырына қаныға түсіп, құмартқан жандар арғы-бергі заманда аз болмапты. Ақыртас кешені туралы XIII ғасырдың басында осы өңірге келген қытай саяхатшысы Чан-Чунь мынандай мәлімет қалдырған екен: «Жол бойында тастан тұрғызған қалаға тап болдық. Қызыл түсті тастан қаланыпты. Ежелгі әскери қоныс мекенінің белгілері байқалады...». Чан-Чуньның алғашқы жазбасынан кейін бұл алып құрылыс туралы ешқандай дерек айтылмайды. Сол уақыттың өзіндеақ бұл ғажайып құрылыс тоқтап қалыпты. Неліктен? Ол жағы біз үшін әлі де құпия. Ресей империясы Қазақстанның оңтүстігін жаулап алғаннан кейінгі уақытта орыс суретшісі М.С.Знаменский көне кешеннің орнына келіп, Ақыртас қабырғаларының сызбасын жасап, суретін салады. Зерттеуші П.И.Лерх: «Ақыртас – салынып бітпеген будда ғибадатханасы», – десе, академик В.В.Бартольд: «Несториан ғибадатханасы», – деген болжам айтады. Ал археолог Т.К.Басеновтың жазуына қарағанда «Ақыртас – салынып бітпей қалған ірі бек сарайының іргесі» екен. Қазақстан Тәуелсіздік алғаннан кейін академик К.М.Байпақов бастаған ғылыми топ кең көлемді археологиялық жұмыстарды француз ғалымдарымен бірлесіп жүргізе бастайды. Соның нәтижесінде түбегейлі жүргізілген ғылыми-зерттеулер «Ақыртас – бабалар мұра қылып қалдырып кеткен ежелгі сарай-кешен» екенін дәлелдеп берді. Ғалымдардың пікірінше, «Ақыртастың астында өте үлкен қуыс бар». Ол жерде табиғи газдардың мол қоры жатыр. Жердің астындағы осынау геотектоникалық процестер адамның бойындағы қарым-қабілетін ашуға көмектеседі екен. Сол себепті, бұл маңға келушілер Ақыртасты тек тарихи кешен деп қана емес, киелі орын деп те санайды. Ол сөзімізге дәлел – кешен аумағында шүберек байланған бірнеше бұталарды кезіктірдік. Одан бөлек, тақ секілді тастың үстінде отырып тілеген тілегің қате кетпейді деген сенім бар екен. Ауруына медет тілеп, жүрек түкпіріндегі арыз-арманын арқалап келетіндер қарасы көптеу көрінді... Жалпы, бұл жердің ерекше киелі мекен екеніне сенетін жандардың айтуынша, Ақыртас адам ағзасындағы «ұйықтап жатқан» жасушаларды оятатын табиғи генератор іспеттес. Әрине, анығын Алла білер. Жалпы, ЮНЕСКО тізіміне енген бұл археологиялық ескерткіштің құпиялары бүгінгі күнге дейін толық анықталмаған. Мамандар Ақыртастың балбал тастары Түрксіб теміржолын салу кезінде құрылыс материалдары ретінде пайдаланылғанын айтады. Сол уақытта кешенді бұзып, дайын тастарды теміржол астына төсеп, бекеттердің іргетасын қалаған көрінеді. Осы жоғалған дүниелерді қалыпқа келтіру мақсатында үшжақты меморандум негізінде үлкен жұмыстар қолға алынбақ... Үшжақты басқосу нәтижесінде осы мәселелер кеңінен талқыланды. БАҚ өкілдері, Қазақстандағы ірі тарихи-археологиялық музей басшылары, туризм саласы өкілдері қатысқан бұл жиын қорытындысында Қазақстандағы туризмнің бары мен жоғын елепекшеуіне мысқалдай болса да үлес қосылса игі деген көңілді байқадық. ***«Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: «Біз халықтың санасына жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз керек. Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – бізді кез келген рухани жұтаңдықтан сақтап қалатын символдық қалқанымыз, ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы және бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі», – деген болатын. Осыған орай, Мәдениет және спорт министрлігі 2017 жылдан «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы аясында ауқымды шараларды жүзеге асырып келеді. Жамбыл облысы өңірінің тарихи-мәдени мұраларын қорғау, туризмін дамыту мақсатында өңірдегі нысандарды тиімді пайдалануымыз керек. Әсіресе, осы облыстағы ЮНЕСКО-ның тізіміне енген Ақыртас, Ақтөбе-Баласағұн, Құлан, Өрнек, Қостөбе ескерткіштеріне де үлкен маңыз берген жөн. Тек осы өңірдегі емес, Қазақстан, қала берді, Орталық Азия елдерінде кездеспейтін, бірегей кешен болып табылатын Ақыртас ескерткішінің туристер үшін өзіндік тартымдылығы бар. Өткен жылы «Ежелгі Тараз ескерткіштері» музей-қорығына қарасты «Көне Тараз» археологиялық паркіне, Айша бибі, Қарахан кесенелеріне және «Ақыртас» кешеніне келушілердің саны 215 мыңды құраған. Соның ішінде Ақыртасқа келушілердің саны 25-30 мыңнан аспаған. Сондықтан отандық және шетелдік туристерді осы нысанға көптеп тарту – Мәдениет және спорт министрлігінің, Жамбыл облысы әкімдігінің, Туристік қауымдастықтың және өзге де мүдделі тараптардың ортақ мақсаты. Осы ретте, бүгін Мәдениет және спорт министрлігі мен Жамбыл облысы әкімдігі екіжақты меморандумға қол қойып отыр»***, – дейді ҚР Мәдениет және спорт министрі А.Мұхамедиұлы. Жамбыл облысы әкімі Асқар Мырзахметов өңірде 3400-ден аса тарихи-мәдени ескерткіш барын айтып, алдағы уақытта Ақыртас кешенінде қазақы этноауылдар туристер үшін қызмет ететінін, онда ұлттық құндылығымызды дәріптейтін дүниелердің болатынын атап өтті:

***– Халықаралық нарықта туризм индустриясы өте көп қаражат тартатын сегменттердің бірі. Бізде туристер қызығатын нысандар жеткілікті. «Ұлы Жібек жолы» бойындағы Жамбыл облысы бөлігінің мәдени-тарихи ресурстары мен туристік әлеуетінің негізі деп есептеймін. Бүгінгі кездесуіміздің түпкі мақсаты – Ақыртас кешенінің қазіргі жағдайына зерделеу жұмыстарын жасап, қалпына келтіру мәселелерінің шешімін тауып, қазақстандық және шетелдік туристерді қызықтыра алатын қасиетті орынға айналдыру. Кеңесіміздің осы Ақыртас сарай кешені орналасқан жерде өтуінің мәні мен мақсаты осында. Ақыртас кешені күрделі құпияға толы нысан ретінде Мысыр кереметтері, Афины акропольдары, Рим Коллизейі, Перудағы Майя пирамидалары және антикалық аңыздармен деңгейлес жатқан алып құрылыс деңгейінде бағалануда,*** – дейді Асқар Исабекұлы. Ақыртас сарай кешені маңында салынған заманауи ғимаратта өткен баспасөз мәслихатына «Ана тілі» газетінің Бас редакторы Самат Ибраим, «Мәдени мұра» журналының редакторы Қуаныш Жиенбай, «Қазақ үні» газетінің президенті Қазыбек Иса, «Айқын» газеті Бас редакторының бірінші орынбасары Серікбол Хасан, «Қазақстан Заманы» газеті Бас редакторының бірінші орынбасары Бауыржан Карипов, «Адырна» Ұлттық этнографиялық порталының жетекшісі Арман Әубәкір, «Қазақ» газетінің қызметкері Қали Қамбаров, т.б. журналистер қатысты. Жиында ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне және Қазақстанның жалпыұлттық маңызы бар киелі жерлерінің тізіміне енген «Ақыртас» кешенін және осы өңірдегі өзге де тарихи-мәдени мұра нысандарын туристік орталыққа айналдыру мәселелері жан-жақты талқыланды. Шара барысында Қуаныш Жиенбайдың: «Тарихи жерлердің көшірме кәдесыйларын жасау жұмыстары қолға алынса, туристерді тарту мәселесі де біршама алға жылжитын еді», – деген пікіріне Облыс басшысы Асқар Мырзахметов бұл орынды ұсынысты қолға алар кәсіпкерлерге жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін мәлімдеді. «Ана тілі» газетінің Бас редакторы Самат Ибраим алдағы уақытта бұл жұмыстар басқа облыстарда қалай жүргізілмек екенін және ішкі туризмді дамытуда министрліктер, жергілікті әкімдіктер қандай жоспарлар жасап отырғанын сұрады. Арыстанбек Мұхамедиұлы өзге өңірлердегі тарихи кешендерді дамыту назардан тыс қалмайтынын, республикалық дәрежеде шаралар өткізілетінін айтты. Астананың 20 жылдығы аясында Бозок қалашығында да үлкен республикалық орталық ашу қажеттілігін жеткізді. ***«Ішкі туризмді дамытуға байланысты Білім және ғылым министрлігімен бірігіп жаз кезінде оқушыларды, студенттерді әртүрлі бағдарлама бойынша тарихи орындарды таныстыруды қолға алдық. Жаз айларында жергілікті университеттердің студенттерін тарихи кешендерге алып келіп, ұлттық жәдігерлерімізбен таныстыру жұмыстарын жүргізетін боламыз. Бірнеше студенттік топтарды археологиялық жұмыс тобына бағыттау шаралары да жүзеге асырылады»***, – дейді А.Мұхамедиұлы. Ішкі туризм мәселелеріне қатысты қойылған сауалға Облыс әкімі А.Мырзахметов былайша жауап берді: **«Қазіргі уақытта ішкі туризмді дамытуға қатысты облыстық жоспарын түзеп жатырмыз. Біріншіден, осыған қатысты арнайы Басқарма жақында ғана құрылды. Бүгінгі таңда интерактивті сабақтар арқылы оқушылардың тарихи орындармен танысуына мүмкіндік жасаймыз»**, – деді. Аймақ басшысы ішкі туризмді дамыту үшін тиісті инфрақұрылым керектігін тілге тиек етті. Қазіргі кезде ең бірінші кезекте көңіл бөлетін нысандар анықталып жатқанын баса айтты. «Қазақ үні» газетінің Бас редакторы Қазыбек Иса Үржар өңірінен табылған Сақ ханшайымының қазіргі жағдайы және Сарайшық тарихи кешенінің бүгінгі тыныс-тіршілігі жайында сауал қойды. Министр Сақ ханшайымына реставрация жасалып, Сарайшық кешеніне қазба жұмыстары жүргізіліп жатқанын, сапар орталығын құру жоспарда бар екенін жеткізді. Осы орайда, Отырар мен Тамғалыда да сапар орталықтары құрылмақ. Арман Әбубәкір: «Туризмді дамыту үшін иммиджик видеороликтер мен халықаралық ауқымдағы жобалар жасау мәселесі қалай?», – деген сұрағын ортаға тастады. Мәдениет және Спорт министрі А.Мұхамедиұлы Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қасиетті Қазақстан» орталығы ашылып, оны басқаратын Берік Әбдіғалиұлының бастамасымен еліміздегі киелі жерлер туралы кітаптар 3D электронды форматта жарық көріп, мұндай жұмыстар алдағы уақытта жалғасатынын айтты. 2017 жылы Халықаралық ЭКСПО көрмесі аясында этноауыл ашылып, сол ауылдағы ипподромда бірінші рет Дүниежүзілік чемпионат өткенін мысалға алды. Ал, Жамбыл облысы әкімі Асқар Мырзахметов мамыр айында «Қымызмұрындық» фестивалі өткелі жатқанын тілге тиек етіп, туризмді дамыту мақсатында мұндай ауқымды жобаларды өңір бойынша алғаш бастап отырғанын жеткізді. Шара барысында журналистер сұрағына жауап бере отырып сөз алған Арыстанбек Мұхамедиұлы көне ескерткіштерді реставрациялау, туризмді насихаттау туралы да кеңінен тоқталып өтті: ***«Әрине, қазір археологиялық жұмыстарға реставрация керек. Деректі фильмдер шығаруымыз керек. Сонымен бірге үш тілде бүкіл Дүниежүзіне кеңінен тарайтын кітаптар немесе мағлұматтар жасауды қолға алу қажет. Ақыртасты дамытсақ, туристер келіп жатса, сол туристен түскен пайда осы Ақыртасты әрі қарай дамытуға жұмсалады. Бір жыл бұрын жұмбағы көп нысанды «Қазақстанның Киелі жерлері картасына» енгіздік, енді көне қаланы жан-жақты зерттеу мәселесін көтеріп отырмыз. Бұл ретте, біз де көмек қолын созып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатқан археолог ғалым К.Байпақовқа айтар алғысымыз шексіз»***, – дейді. Министрдің сөзінше, орта ғасырлық «Ақыртас» сарай кешені толық зерттеліп, туристік тартымдылығы артпақ. Ол үшін елімізге белгілі академик, археологтармен қатар, шетелдік ғалымдар да тартылатын болады...

**Иә, қазақ даласының әр тасын аударып қарасаң – байырғының әнін айтады. Ежелгі Тараз маңындағы, шаһардың өзіндегі тарихи-мәдени ескерткіштердің әрқайсысының да айтар сыры, жыры, мұңы бөлек. Тек оны тыңдар құлақ, құрметтер ұрпақ болса деңіз...**

**Қарагөз СІМӘДІЛ**

№16 (782), 23 сәуір, 2018
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

# ТРАМП ПЕН КИМ ЧЕН ЫН АСТАНАДА КЕЗДЕСУІ МҮМКІН БЕ?



**КОРЕЙ ТҮБЕГІНДЕГІ ТҰТАНУЫ МҮМКІН ТҮТІН**

Бұл өлке кореялықтар жайлаған жер, желіге қару-жарақ байлаған жер... Корейдің байырғы мекені, ежелгі ата ұйға. Корей түбегі жер көлемі жағынан 38-ші ендікте ең жіңішке аумаққа ие. Бірақ, бүкіл дүниедегі ең көп әскер қаптаған өртті, тынышсыз аймақ.

Тынық мұхиттағы АҚШ, Ресей, Қытай қатарлы ұлы империялардың теңіз әскери флоттары, Жапонияның қорғаныс күштері және екі Корейдің теңіз әскерлері шоғырланған. Онымен қоса осы мүдделі елдердің құрлық, әуе әскери базаларының санын дөп басып нақты айту да қиын. Тарихи, саяси тағдыр осы ортаны бірде олай, бірде былай шайқағаны бар.

XX ғасыр жаһандық II қанды соғысқа дейін Корейге Жапондар егелік етті. Соңынан олар өзара қырғын қидаласудың салдарынан оң мен сол тарапқа бөлініп бір түсті ел – екі түстікке ажырағаны бар. Құдай әуелі бірге жаратқан туысқан кореялықтар 1950-1953 жылдар арасында Кеңес армиясының әскери қолдауымен тағы да орасан қырылысып, соңы азаматтық соғысқа дейін жетіп тынған. Солтүстігі – қызыл КСРО-ны, оңтүстігі – алпауыт АҚШ-ты таңдаған. Кеңестік үстемдік ыдырап қырғиқабақ соғыс өрті сөнген кезде де «аштан өлмеген, көштен қалмаған» жанкешті баһадүр жұрт. Саяси көсемі Ким Ир Сеннің аманаттаған ядролық бағдары ғаламдық жаппай қырып жою жарағы жаһанға жария етілгеннен беri қырық жыл өткенде, яки 1994 жылдан бастап нақты жолға қойылды да, ғасырдың кеңірдегіне қадалды.

Бұл уақытқа дейін алпауыт Америка одақтастары Корей түбегін ерекше шеңгелдеп ұстап қалғысы келді деуге негіз бар. Әу баста АҚШ президенті Биль Клинтон 1996 жылы «Корей түбегін» төрт жақты бітіммен райластыру идеясын ұсынған.

АҚШ Мемлекеттік хатшысының портфелін көтеруші өкіл Унистон Лорд мырза 1996 жылы маусым айында Токио қаласында шақырылған Солтүстік Батыс Азия (SNEAS) қауіпсіздігі симпозиумында:

1. soft landing (жеңіл қону)
2. implosion (қопару)
3. explosion (жару) қатарлы – үш түрлі scрenario немесе үйрету деген үстем қимылын ресми түрде мәлімдеген-ді.

Осы үш түрлі қызықты ұсынысты жеке-жеке талдасақ: – soft laning – екіге бөлінген Кореяны бейбіт жолмен қосу, – implosion – солтүстік Кореяны азық-түлік, электр қуаты тапшылығымен қыспаққа алу, түрлі іріткі салу арқылы ішкі жағдайды қиындатып көтеріліс, дағдарысты қақтығысқа ұластыру арқылы КХДР-ін күшпен құлату, – explosion – ішкі, сырттан күшті ықпал ету арқылы елді мүлдем жойып жіберу стратегиялық саясатын ұстанып еді. Бірақ, Солтүстік Корея оған бет қаратпай келді. Енді ақыры АҚШ бұл елмен геосаяси ойынын өзгертіп санасуға келе жатыр. Дональд Трамп мен Ким Чен Ынның арбасуы тарихи кездесуге алмасатын түрі бар. Бұл «саяси жылымық» уақытша ма, әлде басқаша бола ма, алдағы кездесу сәттері көрсетеді.



**МАМЫР АЙЫ МАМЫРАЖАЙ БОЛА АЛА МА?**

Мамыр саяси оқиғалармен толысып, тоғысатын қасиетті ай секілді. Ғаламдық іргелі тағдырлар талқыға түспек. АҚШ барынша Азия Тынық Мұхит аумағына қарай жылыстап келеді. Көкшулан Дональд Трамп пен көксерек Ким Чен Ын бетпе бет жолығады. Сапар болады, болмайды бір құдай білер. Кездесуден айтарлықтай нәтиже шықпайды дейтін сарапшылар да аз емес. АҚШ серкесі «ядролық қару жарақтан бас тартсаң зардапты шектеуден тура арыларсың» деуі әбден мүмкін. Солтүстік Корея басшысы – «Оңтүстік Корея мен Жапония өңіріндегі Америка әскери базаларын кейін шегеруді» ұсынуы да бек кәміл. Бұл өңірдегі үшінші елдердің мүдделері әңгіме болса әккі Америка не деуі мүмкін?! Алайда осы оқиғаның жалпы сүрлеу барысына бүкіл ғалам көз тігіп, қалт жібермей қарап отыр.

Солтүстіктегі Кореяның өз тағдырынан тыс өзге де өзекті жағдаяттар сөз болары хақ. АҚШ, Қытай, Ресей елдерінің үштаған саясаты шеп тартады, тағысын тағы біршама ойындар желеуге айналмақ. Атасының баласы таққа отырғалы 14 жыл өткен. Бірақ, бірде бір рет те басқа елге ресми сапар жасамаған. Мінеки, жуықта ғана сол Ким Чен Ын өзінің экономикалық қолдаушысы кезінде өзіне арнап «алты жақты бітім» жасауды ұсынған Қытайға суыт келіп қайтқан. Ол оның тұңғыш сапары. Қасында хас сұлуы Ри Сол Жуны бар жабық сахнада ұрын келушілер де, оны қабылдаушы тарап та ұзақ кеңескен жоқ, алайда құдайы қонақ құр келіп, құр қайтпағаны да белгілі. Басында жөнді жақ ашпаған тараптардың бір шоқ ақпарын сақ Синьхуа шымылдықтың артындағы шытырман келісімнен сыпайы жеткізген. Корея түбегіндегі сеңді жібіту, бейбіт келісімнің жолын ашу, ядролық жарақты барынша шектеу мәмілесі келісілген, саяси бітімнің келелі тұстары қаузалса керек. Ким Чен Ын жеті атадан бері келе жатқан Ким Ир Сеннің тақ мұрагері, нақты ізбасары. Ендігі кезекте кенже Ким Чен Ын АҚШ басшысымен тіке саяси бітімге келуді мақсат тұтатындығы анықталған. Ертеңінде ресми Бейжіннің Ақордаға сүйінші хабар жеткізгені анық. Бұдан соң кездесудің қамы басталды деген сөз. АҚШ-тың алдыңғы президенттерінің ешқайсысы бұл тәуекелге бара алмаған, тек алыстан арбасқан.

Бір кездері Джеймс Картер, соңында Билл Клинтон екеуі Пхеньянді епке шақырғанымен, шикі бітімдер бекімей, келіссөз кикілжіңмен сәтсіз қалған. Өз кезегінде Бейжің Аққорғанға, арашагер Женева Корей түбегіндегі іске араласса да, еш қайран болмаған. Енді міне, текетірестің аяқталуына күллі әлем куә болуы мүмкін баяны тұр. АҚШ та кет әрі емес. Дипломатиялық айла жамбас аңдысу, елші епшілесуге біртіндеп жақындауда. Ендеше осы атышулы тарихи кездесу қай жерде өтетіні жұмбақ. Ақ үйдің ресми өкілі кездесу Вашингтон мен Пхеньянда болатындығын меңзейді.

Ғаламды сілкіндірер жүздесу ақырғы жүз жылда болмаған тарихи оқиға ретінде таңдалды. Осы кездесуді өз елінде өткізгісі келетін үміткер елдер саны да аз емес. Швейцария – оқушы Ким Чен Ынның балдәурені өткен жері ретінде өз алаңын әлдеқашан ұсынып үлгерген болса, Моңғолия, Швеция қатарлы елдер өз ерекшеліктерінің ең тиімді тұстарын дәлелдеп отыр. Алайда, халықаралық сарапшылар тарапы кездесу болатын ең ұрымтал орын Жунгода өтуі де ғажап емес дейді.

**ҚАЗАҚСТАН ЕКІ КОРЕЙДІ ЕЛДЕСТІРЕ МЕ?**

Сыртқы саяси бағыты айқын Ел – Қазақстан. Орталық Азиядағы тұрақтылық пен келісімнің жолында мол тәжірибе жинақтаған беделді мемлекет. Сол тұрғыда Солтүстік Корея мен АҚШ басшыларының тарихи кездесулеріне өз алаңын ұсынуы сөзсіз. Қазақстанда 107 мыңнан астам корей ұлтының азаматтары өте жақсы өмір сүреді. Екі Кореяның бейбіт қатар тұруына ежелден бері тілектестігінің дәлелі де осы. АҚШ, Еуроодақ, Азия елдерімен қарым-қатынасты бір жолға қоя алған саяси сабақтастықтың ұласпалы үлгісін көрсетіп келді.

Солтүстік Африка, Таяу Шығыс, Солтүстік Шығыс Азияға дейінгі аралықтағы тұрақсыздықтың белдеуінде тұтануы мүмкін өрттерді сөндіруге ресми Астана зор ықпал жасай алған. Қазақстан Республикасы – түстіктегі Ауғанстан, Тәжікстан, Еуразияда Түркия мен Ресей арасындағы түйткілді мәселелерге, тіпті Сирия қатарлы өрт тұтанған елдерге мәмілегерлік алаңын ұсынған. Әсіресе, күштердің ара салмағын байыптап, жаһандық деңгейде және Жер шарының жекелеген аймақтарындағы елеулі әрекеттерге бітімгерлік жүргізе алуға қауқарлы.

Сондай-ақ, Қазақ Елі – жаһандық тұрақсыздыққа қалайда қарсы тұра алады. БҰҰ (ООН), ЕҚЫҰ (ОБСЕ), НАТО, ҰҚШҰ (ОДКБ), ШЫҰ (ШОС), АӨСШК (СВМДА) қатарлы қауіпсіздік тетіктері арқылы Бүкіл Азияға төнген жаңа қатерлердің алдын алу үшін Азия – Тынық мұхиты аймағы елдерінің тепе-теңдігіне белсенді тілекші бола алады. Ендеше, Дональд Трамп пен Ким Чен Ынның кездесер жері – Ұлы даланың Бас қаласы ресми Астана болса... деп үміттенсек, несі бар?. .



**Сұраған РАХМЕТҰЛЫ**
*Qazaquni. kz*

# Ұстаз

Мұхтар МАҒАУИН,
Қазақстанның Халық жазушысы

**Жасым жиырма екіде, 1962 жыл, қара күз. Мен аспирантпын. Қазақ мемлекеттік университеті, филология факультеті, қазақ әдебиеті кафедрасы.**

**Университетті осы жазда ғана бітіргем. Мені екінші курстан бастап қадағалаған ұлы ұстазым профессор Бейсембай Кенжебаев республиканың Жоғары білім министріне дейін барып жүріп, мен үшін бір орынды әрең сұрап алып еді. Алдын-ала бар жағдайды біліп, үлкен қам жасады. Қабылдау емтиханында шет тіл – еуропалық, ағылшын, неміс, яки француз ғана болуға тиіс екен. Ал біз университетте бұлардың ешқайсысын оқығамыз жоқ, араб тілінен ғана қара таныдық. Бейсекең республикалық министрлікке барып, ештеңе шығара алмады, Мәскеуге жазу керек көрінеді. Солай да солай, араб тілін оқыған, араб тілі болашақ зерттеу тақырыбы үшін де керек, аспирантураға қабылдау емтиханы ретінде рұқсат беруіңізді сұраймыз деген ресми қағаз университет ректорының қолы қойылып, Мәскеуге кетті. Оған екі айдан астам уақыт жауап келмеген соң, қайыра жолданды. Мұның бәрі – менен айырылса, қазақ ғылымы қаусап қалатындай, бар ыждағат, жігерімен қатты кіріскен Бейсекеңнің әрекеті.**

Мен университет бітірер-бітірместен басталған іс. Ақыры, қыркүйектің соңына таман, аспирантураның қабылдау емтиханы қарсаңында рұқсат келді. Орын біреу – менікі, талапкер көп болып шықты, сайдың тасындай тағы жеті жігіт құжат тапсырыпты. Бізбен бірге бітірген балалар арасында да үміткер – жетеу еді. Жеті жігіт үздік дипломмен бітірген. Солардың қай-қайсы да ғылымның үлкен жүгін көтерер азамат болып шығар еді. Бірақ шаруашылық қана емес, бар тіршілік кесімді жоспарға бағындырылған, өткен жылы аспирантураға үш орын беріліпті, кафедра меңгерушісі Бейсекең болашақтан қауіптеніп, үш баланы да келер жылы аламын деп, қабыл көрмеген, нәтижесінде мүлде құралақан қала жаздады. Енді, төрт жыл күтіп, таңдап алып қалған менің орныма мұндай талас туып отыр. Сыртта, көлденеңде не әңгіме болды – білмеймін, Бейсекең тосын қолқа мен өкпе, салмақтың ешқайсысына ілікпесе керек, арнайы рефераттан тыс үш сынақ – мамандық, шет тілі, қоғамтану бойынша емтихан нәтижесінде мен, – шынтуайты сол, сүйемел де бар, – ең жоғары ұпай жинап, аспирантураға түстім. Менен гөрі Бейсекең көбірек қуанды ғой деймін.

Тақырыбым белгілі – «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет». Бұдан бұрын Бейсекеңнің бір аспиранты түбіне жете алмай, аяқсыз қалдырған. Енді маған жүктелмек. Мен ол кезде қиыннан қорықпаймын, қолымнан келмейтін нәрсе жоқ деп білем, тасқа шабудан тайынбайтын сияқтымын, бірақ алмағайып, аусар іске бармас едім, соңғы елу жылда біздің әулеттің басынан өткен опат пен топан мені мөлшерлі сақтықта қалыптаған, әуелі қазақ эпосынан шұғыл қорған алайын, содан соң, ғылыми атақтың қалқасында мына тақырыпқа табандап отырайын деп үгіттеп көріп едім, мені баласындай еркін ұстайтын Бейсекем ілікпеді. Мына тақырыпты тез игеру керек, арғы, Алтын Орда кезеңін келер жылы тағы бір аспирантқа тапсырамын, жиырма бес жасында кандидат боласың, фольклорға содан соң түсерсің, отызға дейін докторлық қорғап үлгересің, одан әрі қаншама өмір, қаншама зерттеу тұр алдыңда, әуелі мына шаруаны жеріне жеткіз деді. Бейсекем осылай, тым биіктен межелеп отыр, ал мен кандидаттық диссертацияның өзінің ауылы алыстап кеткенін көріп тұрмын. Бірақ ақсақал көнбеді. Тақырыптың ауқымын межеледік. Арыда Асан Қайғы, беріде Бұқар жырау. Асан қайғының – аңыз, Бұқар жыраудың өзінің басы ашық емес. Ал екі орта үңірейіп тұр. «Ел болған соң, халық болған соң әдебиет те болады, – деді Бейсекең. – Мұқият қарастырып көрсең, бірдеңе табылып қалар. Табылмаса... – деді Бейсекең, – қазақ эпосының үлгілерін бір тарау етіп аламыз. Едіге де, Шора да... Қарасай, Қазы... бәрі де XV ғасырдан беріде туған...» «Бейсеке, олар тұтасымен көгенделіп, халық жауы деп жарияланған ғой, қаулыға енген ғой... Одан да таза қазақ эпосының өзін дербес тақырып етіп алмаймыз ба?» «Сөз тоспайсың... – деді Бейсекең ренжіп. – Мен жалпы сұлбасын айтып тұрмын ғой. Оларды атамай-ақ қой. Берідегі Қабанбай, Олжабай, Бөгенбай, Барақ... XVIII ғасырда жасаған, басы ашық тұлғалар бар емес пе?» «Бейсеке, онда біздің тақырыбымыз тарихи жырлар болады ғой», – деймін. Бейсекем әлдебір қағаздарды ақтарыстап, күйгелектеніп қалды. «Өзің уайымшыл екенсің, – деді шынымен-ақ өкпелеп. – Бастамай жатып түңіліп отырсың. Бұл тақырыпты мен саған бұдан бес жыл бұрын айтқам. Содан бері не бітірдің?..» Онысы рас. Бес емес, төрт жыл бұрын. Мен университеттің екінші курсында жүргенде. «Абай және шығыс әдебиеті» деген курс жұмысын жаздым. Бейсекемнің және сол кездегі кафедра меңгерушісі Мәстура апай Сармурзинаның қолдауымен, Мәскеу, Ленинград, Новосібір, Тбилисиден бастап, бүкіл Орталық Азия университеттерінің талапкер жастары бас қосқан студенттердің ғылыми конференциясына қатысып, ежелгі айбын, сәулеті тозбаған Самарқаннан мақтау қағаз алып қайтқам, бұл менің кең дүниеге алғаш шығуым, бар жарияның басы екен, игілік бұдан да зор болатын еді, Бейсекем жолдама жазып, өз қолымен ұсынған мақалама «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналындағы дүмшелер жол ашпай қойды, міне, сол мақаланың, мақаладан бұрынғы курс жұмысының кезінде айтқан, он сегіз жасқа жаңа ілінген қаршадай балаға: «Университетті бітірген соң аспирантураға алып қалам, қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиетті зерттейсің, дайындала бер!» – деген. Мен дайындалдым. Болашақ ғылыми жұмыстарға ғана емес, үлкен жазушылыққа.



Қазақтың, бүкіл Орталық Азияның, Ресейдің, Әлемнің тарихын төңкеріп шықтым, Шығыстың, Батыстың – антик дәуірінен бүгінгі күнге дейінгі дүние әдебиетінің орыс тілінде бар нұсқаларын түгел бажайлап тексердім, оқумен ғана шектелгем жоқ, әдеби сын, зерттеу мақалалары өз алдына, прозашы қаламгер ретінде де белгілі бір өреге жеттім деп білдім. Тау қопарып, тас бұзамын деп тұрмын, сонда да жүрегім дауаламайды. Зады, мен ақыр түбінде нәтижесіз болары анық іске шатылып көрген емеспін. Ерліктің, тәуекелдің жөні бір басқа. Бітеу жартасты төбеңмен сүзіп, бұза алмайсың, теңізді тізелеп жалдай алмайсың. Сақтық, абайшылдық емес, жұпыны ғана ақыл ісі. Бейсекеңнің маған артқан жүгі ақылға сыймас ауыр еді. Ауыр емес, буалдыр, елесі жоқ. Сол жоқты барға көшіріп, селдір тұманды батпан-батпан, тай-тай жүкке айналдырып, қияметтің қыл көпірінен арқалап өтуім керек екен. Бейсекем мені аямады. Немесе, ғажайыпқа сенді. Осы уақытқа дейін жер әлемде қалған қазақ ішінде жалғыз-ақ ұлтшыл бар, ол – мен деп ойлаушы едім. Шын фанатик ұлтшыл – менің ұлы ұстазым Бейсембай Кенжебаев екен.

Университеттің Ғылыми кеңесінде диссертация тақырыбын бекітетін күн келді. Мен ең соңғы сәтте Бейсекемді тақырып атауы – «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет» емес, «XY-XYIII ғасырларда жасаған қазақ ақын, жыраулары» болсын деп, үгіттеп, әрең көндірдім. Мәнісі біреу-ақ еді. «Қазақ хандығы» деген сөз, қазір бекісе де, кейін бөгесін болады. Оның үстіне, шегінер жол қалдырмақ болдым: жан қиналса, арғы дәуірге шолу ғана жасап, XYIII ғасырдағы Бұқар жыраудың жалғыз өзімен-ақ шығып кетуге болады немесе қазақ кезеңінде қалыптасқан эпос үлгілерін ежелгі дәстүр, өлең өрнегі тұрғысынан қарастырып, көлем толтыруға болады; диссертация жазылып болған соң тақырыбын нақтылай жатармыз деп, келісті. Ол кезде Университеттің Ғылыми кеңесі ағылшынның Лордтар палатасының жиынындай көрінеді, шынында да, өте үлкен, Одаққа, одан да арыға танылған ғалымдар бар, математик, физик, биолог – барлық факультеттің бетке шығары, бұлардың ішінде маған химия профессоры, доктор Батырбек ақсақалдың жүзі ерекше нұрлы көрінеді, бұл баяғы Алаш Ордаға ұйытқы болған азаматтардың бірі – Ахмет Бірімжановтың бел баласы, сол ма деп сұрағанда Бейсекең айтқан, сол деген, бар екен, жүр екен, сырттай сүйсінемін; бұларға қоса өзіміздің филологтардың атақтылары да осы Кеңеске мүше, басқаларға қарағанда жақын туысқан сияқты; орыс бөлімінде сабақ беретін, Мағжанның ақындық тілін зерттеуге бар ғұмырын арнаған, ұлты татар, профессор Хайролла Махмудов менің түрімді көргісі келді, түрегеп тұруды ұмытып кеткен екенбіз, бой көрсеттік, өте маңызды, қажетті, зәру тақырып, бекіту керек деген сөз тастады, бекідік. «Ал енді жұмыс жаса! – деді Бейсекең менімен бірге шығып. Содан соң мәжіліс залына қайта кіріп бара жатып. – Үйленіп қойма! – деді. – Онда жұмысың аяқсыз қалады!..» Маған осы сөзді айту үшін ғана шыққандай. Кейінге іркуге болмаған. Мен оңаша қалған соң, ризашылықпен күліп алсам керек. Ұстазымның екі тапсырмасы да оғаш көрінген: біріншісі мәнсіз, онсыз да жұмыс жасаймын, екіншісі – қажетсіз, үйленгім келсе үйленем, оның оқу мен жазуға себі болмаса, бөгеті болмайды деп білемін. Қазір ойласам, ұстазымның екі сөзі де орынды, біріншісі – қамшылау, екіншісі – сақтандыру, әрі қалбалақтап менімен бірге шығып, жөпелдеме айтып жатқаны – қуаныш әсері екен. Мен мына тақырыпқа онша құмартып тұрғаным жоқ, қалай болады деген қауіп Бейсекеңде көбірек болса керек. Әлбетте, бұл жолы да өзі үшін емес, мен үшін, менен гөрі ғылым мұраты үшін көбірек қуанған.

«Аспирант – это звучит гордо!» – сол кездегі біздің мәтел. Аспирант деген сөз асқақ естіледі. Ол кезде студент дегеннің өзі үлкен мәртебе. Ал аспирант – ғылымның болашақ тетігі, ұлттың ертеңгі тұлғасы. Қазіргі академиктен әлдеқайда жоғары. Ал менің өзім кейінгі Лауреат, Халық жазушысы атағынан бір де кем санағаным жоқ. Бәлкім, көбірек масаттанған шығармын. Мақтаншақтық – әуел бастан, оның үстіне мен жас кезімде тым атаққұмар болған сияқтымын. Жалған атақ, бояма мансап емес, еңбекпен келген абырой, жол ашар мәртебе,



ісіне байып беретін даңқ. Оның үстіне, мен қатарлас жігіттердің біразы, тіпті, бірге оқыған, бірге өскен достарым домбыра, жария жөнінен менен көп ілгері кеткен. Менің, шын мәнісінде, баспаға шыққан бір ауыз сөзім жоқ, олар мақала, әңгіме, поэма, хикаяттан озып, жеке кітапқа тақаған, кеудең толып, күшің қайнап тұр, қалай қуанбассың. Бірақ имандай шынымды айтайын, мен ешқашан ешкіммен жарысқам жоқ, өзіммен-өзім ғана жарысып келем. Содан соңғы әруақ алдындағы ақиқат – өнер, ғылым тарабында ешқашан ешкімге қызғаныш болып көрген емес. Жақсыға қуанып келем – әдебиеттің өрісі кеңейеді, ұлттың тұрғысы бекиді, онсыз да ортайған өнім, онсыз да шайқалған шаңырақ, ұлы орыс әдебиетінің XIX ғасырына Толстой, Тургенев, Достоевский, Пушкин, Лермонтов, Чехов, тағы қаншама ұлылар сыйғанда, қазақтың ұлттық әдебиетіне бес-алты адам сыймаушы ма еді, ірілер көбейген сайын сенің де тынысың кеңейеді, бұл – жалпы өлшем, ал жалқыға келсек, әлдене тындырып үлгерген



# Ұлағаты

## *Профессор Бейсембай Кенжебаев туралы сыр*



кеше мен бүгін ғана емес, ештеңе бітпеген, жаңа бастаған жас кездің өзінде, қазақта қандай үлкен қаламгер туса да, бәрібір мен ілгері боламын деген сенім бар еді, яғни менің атаққұмарлығым – жол ашу, өзімнің өнердегі, ғылымдағы мұратымды жеріне жеткізу үшін қажетті тірек табу талабы болса керек. Бірақ тақырып бекіген күннен бастап, мен тығырыққа тірелдім.

Бейсекемнің маған деген сенімі мен ықыласы – ұстаздың шәкіртке, әкенің балаға, адамның адамға деген сенімінің өлшеміне келмейтін, ықыласының аясына сыймайтын, өзгеше сырлы қатынас екен. Еркіме, бетіме қоя берді. Айына бір телефон шалам. Екі айда бір баруым мүмкін. Артық әңгіме айтпайды. Тықақтап тексермейді. Үлкен ағаның алдына, сәлемдесе келген жақын туысқан сияқты, көлденең кеңеспен отырамыз. Хабарласуды ұмытып, екі-үш ай озып кетуі мүмкін. Қайда жүрдің, не болды деп және сұрамайды. Әлдебір кітап, деректі еске салады. Орта ғасыр әдебиеті мен тарихына қатысты біраз кітабын менен бұрынғы сәтсіз аспиранты алып кеткен екен. Мен өзім де кітапқа сараңмын, қалғанын сұрап мазалағам жоқ. Бейсекемнің ең үлкен қызметі – берік қорған еді. Маған ешкім батпайды, қожалық жүргізе алмайды. Дербес күй кештім. Қазір ойлап тұрсам, есқашан да аспирантураның үш жылындай еркін, азат ғұмыр сүрмеген екем. «Шет тілінің минимумын тапсырдым», – деп телефон соғам. «Дұрыс», – дейді Бейсекем. «Философияның минимумын тапсырдым». Тағы да: «Дұрыс». «Ауылға кеттім. Екі ай жатып, қымыз ішіп келем.» «Дұрыс». «Қажетті біраз кітаптарды ала кетем». «Дұрыс». Бейсекем менің бір күн, бір сағатты қалт жібермейтінімді біледі. Сондықтан бәрі дұрыс. Бірақ әзірше өнім, нәтиже шамалы еді. Міне, қайратты бір жылым, бір жылдан астам алтын уақытым кандидаттық минимумдар соңында кетті. Екінші жыл... Опырып, жапырып тастауым керек. Таңғы сағат тоғыздан кешкі сағат онон бірге дейінгі мекен-жайым – республикалық орталық кітапхананың және Ғылым академиясы кітапханасының «Сирек кітаптар мен қолжазбалар» деп аталатын қадым бөлімдері. Не қараған, неге үңілгенің тіркеліп, тізіліп отырады. Аспирант деген куәлігі бар, әйтеуір тоқтау жоқ.

Жұрт қазақ әдебиеті кафедрасына жиналып, мәжіліс ашыларда мен құрметті ағаларымның бетіне бажайлап, жеке-жеке үңіліп, қарап шықтым. Бажайлап, үңіліп қарауым – жиын басталмай тұрып суық сыз, қорғасын салмақ сезілген. Төрде Бейсекең. Қалған жұрт тізіліп, немесе қатарласып емес, қоралай, дөңгелене отырыпты. Бәрі де нық. Бәрі де қатал байыпта. Әскери киімді, немесе беделді бір ресми мекеме мүшелерінен құралған топ дәл осындай біркелкі көрінер еді. Тек... киімдері емес, киім есімде қалмапты, киім әркелкі болса керек, түр-тұлғаларында бәріне ортақ тоңазы жаттық бар, сонымен қатар, әрқайсысының мінез ерекшелігі, даралық сипаты танылып тұр. Бірі – түтігіп, қап-қара болып отыр. Екінші ағам – сыздай көгерген, қозғалған сайын зілмауыр салмақтан – дене салмағы ғана емес, әдебиеттегі, ғылымдағы салмағынан жаншылған орындық сықыр-сықыр етеді. Үшінші ағам – қабағы тікірейіп, құныса түксиген. Төртінші ағам – көзі шатынап, сұрлана қуанып отыр. Алдына қағаз жайып, қолына қалам алған жасы үлкен замандас әлдене дәметіп, бірдеңе күткен, аңыс аңдаған кейіпте. Кафедрадағы жалғыз әйел жан-жағына қарап, таңдана бақырайып отыр. Жайбарақат көлденеңнен келген батыр ағам ғана. Содан соң жетекшім. Шешімталдық па, иеншектік пе, аз-маз ғана дегбірсіздік байқалады. Әйтпесе, әдепкі мінезі. Сүйеніш болуға тиіс, қолдан қанаттандыруға тиіс ағаларымның сұқпытын көрген соң, бойымды жинап алдым. Реніш емес, ыза, сескеніш емес, сес пайда болды. Ол кезде қазіргі қайтқан, қажыған заманым емес, ештеңеден тайынбайтын едім. Кейін талай майданға түстік, алмағайып ауыр жағдайлар болды, соның бәрінен тірі ғана емес, еңселі, мерейлі шықтық. Бірақ балаларыма айтып отырам, енді жазудың да сәті түсті, аса күрделі, ұзақ өмірімдегі ең үлкен шайқас – сол. 1965 жылы, 11-қараша күнгі, менің бар, иә жоқ болуымды шешкен ұлан-асыр ұрыс, ең үлкен жеңісім де сол екен.

Мәлік ағама рахмет, бір-ақ күнде оқып, уақыт бөліп арнайы келіп, ықылас-пейілін білдіргені үшін. Бейсекеме алғыс айтам, осынша ауыр салмақ түсірдім. Сол күнгі талқы мен үшін өмірлік сабақ болды.

Бейсекем менің сөзімнің аяғын тосқан жоқ. «Сонымен, – деді, манадан бері дегбірсіз күтіп отырғандай, іліп алып, – сонымен, бәрі сөйледі, Нұртайдан басқа. Дәмеш жоқ...» – Темкеңнің жоғын ұмытып кетті. Аузына лаборанттың есімі түсті. Келін – жазушы Қалихан Ысқақовтың әйелі. – Бәрі сөйледі. Бәріңіздің сөзіңіз бір жерден шықты. Жаңалығы мол, біліп жазылған жұмыс. Кемістік бар. Ханның қызында да болады. Оны ойланады, түзетеді. Сонымен, мен жұртшылықтың пікіріне қосыламын. Жақсы жұмыс. Біліп жазылған... Ендеше, қорғауға ұсынайық. Кафедраның қаулысы: Дәмеш... кім... жаз: «Мұхтар Мағауиннің «XV-XVIII ғасырларда жасаған қазақ ақын, жыраулары» атты жұмысы кандидатық диссертациялар туралы талапқа сай келеді. Қорғауға жіберілсін!..». «Болды, жиналыс жабық!».

Бейсекем әлдеқайда асықты немесе, әсілі де сол, менің жауап сөзімнен соң дау қайта қозар деп қауіптенді, апай-топайда тезірек қорытындылап жіберді, асыққаны сондай, мұндай талқылауға тән, ең бір маңызды мәселе ресми оппоненттер дайындау жайын да ұмытты немесе тағы да созбаға түсер, бірдеңе бүлінер деген секеммен аттап кетті.

Жұртшылық қазақ әдебиеті кабинетінен тобымен, түгел сыртқа шықты, ешкім құттықтап қолымды алмады, тез тарасты, Рымғали ғана аз бөгелді, неге кешіккенін сұрап едім, мана, қатты ренжимін деп ойлағам, енді өкпе айтуға да көңіл жоқ, мен екі сирағым бірдей қырқылып қалмаса, жететін едім деп айтудың өзі артық көрінді, ол да ештеңе демеді, жұрттың соңын ала кете барды. Бейсекең екеуміз ғана кафедраға келдік. «Бейсеке, қорғамайтын болдым ғой...» – дедім. Түңілгенім емес, нақты осы сәттегі жағдайымды айқындағаным. «Неге?.. – деді Бейсекең тартпасын ақтарып әлдене қараған болып. – Қорғауға жіберілсін дедік қой». «Ол қаулының құны... көк тиын болып тұр ғой». Бейсекең басылып төмендеп қалды. «Рахмет, Бейсеке, – дедім. – Қаулыны сіз алдыныз. Қалған жұрт... Ертең ғылыми кеңесте дәл осылай белсеніп сөйлейді. Сөйлемесе де қарсы дауыс береді. Оған сырттағы жұрт қосылады». «Өзің күйрек екенсің, – деді Бейсекең. Күлгенде бет-аузы әжім емес, тарам-тарам, жол-жол сызық болып кететін. Күлгені ме, ренжігені ме белгісіз. Маған тік қарады. – Сұлтанмахмұтты білесің ғой. «Тұрмысы бұл дүниенің күреспен тең» деген. Жеңгенің сол. Жазып бітірдің. Жақсы жаздың. Басылып жатыр. Дұрыс па? Дұрыс... Ендеше... күшің жетеді, қалғаны өз жөнімен шешіледі. Протоколыңды дұрыстап жаздырып ал. Бітті, уақытында орындады деп есеп береміз. Содан соң... Кеңесте қанша мүше? Жиырма сегіз бе? Бас-басына сөйлесеміз. Кәкен ағаң бар – Аханов. Білетін жігіт. Нойыс, бірбеткей. Ешкімге көнбейді. Біраз жұртты сонынан сүйреп әкетеді. Махмұдов бар – Хайролла. Қалған орыс-орман бәрі тыңдайды. Дұрыс па?» «Дұрыс... – дедім мен қартымның көңілі үшін зорлана жымиып. Ішім сұп-суық. – Дұрыс, Бейсеке». Бейсекем мәз болып күлді. «Дұрыс қой...». Иә. Бір өзбек айтқандай, билет қалтада, поезд күте тұрады. «Дұрыс». Ішім жыли бастады. «Дұрыс, Бейсеке... Мәлік аға адам екен ғой!» «Өй, жаңа білдің бе. Мәлік деген... ол... Мәлік қой. Адамның патшасы... Айтпақшы, келіннің аяғы жеңілдеді ме?» «Иә, – дедім. – Бүгін... жиырма бір күн, кішкентай қызымыз бар...» «Қыз ырыс әкеледі – деді Бейсекең. – Атын кім қойдыңдар?» Үміт. «Міне, көрдің бе, үмітің үлкен екен. Бауы берік болсын. Келесі баланың атын Сенім қоясыңдар ма, ұл туса?». Мағжан қоямын дедім. Бейсекең ойланып, сәл күмілжіп қалды. «Сол Мағжан туғанша қалай да қорғайсың!» – деді содан соң.

Иә. Мағжан туғанша. Бір жыл?.. Тым шұғыл. Бес жыл? Ұзақтау. Үш жыл да көп. Екі жыл. Мен екі жыл деген меже қойдым. Құдай берсе, әлі елесі де жоқ нәрестенің дүниеге келу мезгілін емес, жасалған, тұлғаланған, қолда тұрған еңбектің бағы жанар межесін.

Шынында да, екі жылға толмай, жиырма үш ай дегенде Мәскеудегі Жоғарғы аттестациялық комиссия бекіткен кандидаттық диплом қолыма тиді. Мағжан осының алдында ғана, екі ай бұрын туған...



## Қажымұқан ҒАБДОЛЛА:

# «ҚУАНЫШӘЛИН КОЗЛОВТЫҢ «ҰЛТШЫЛДАРҒА ҚАРСЫ ПАЙДАЛАНАТЫН ҚҰЛАҚКЕСТІ ҚҰЛЫ...»

**Қашан да ашық ақпартқа алаңы дайын Abai.kz сайтында жарияланған қоғам қайраткері Қажымұқан Ғабдолланың Жасарал Қуанышалиннің әлеуметтік желідегі жалаларына жауабын көшіріп басып отырмыз. Әділін оқырмандар айтады деп сенеміз.**



Бүгінгі күннің айдай бір ақиқаты – қазіргі Қытайдағы қазақтардың халахуалы өте ауыр. Адам төзгісізі азап пен тозақ, жазықсыз жазғыру, нақақ жала жабу, күнәсіз қудалау – қазақ бауырларымыздың жанына күннен-күнге батып барады...

Әрине, көршілік сыйластық, елшіаралық сыпайыгершілік, қоңсылық бітімгерлік, дипломатиялық әдеп секілді аса қажетті әрі құнды аралас-құраластықтан құралақан емеспіз. Бірақ, арғы беттегі ата-бабасының туған топырағында, бейітінің басында қарауылда отырған қандастарымызға (әке-шешесіне,бауыры мен досына т.с.с.) арнайы ат терлетіп жеткен, ағайындық қонақжайлылықпен барған бауырларымыз себепсізден-себепсіз, нақақтан-нақақ неге тергеуге түсіп, тепеиіш көруі керек?..

Біздің баспасөз бетінде, желдің өтінде, күнделікті күйбеңде, қазақы үйлерде жанымыз ауырып, жүрегіміз сыздап, айқайлап та, абайлап та айтып жүргеніміз – бүгінгі күннің аса ащы шындығы – қытай қазақтарының жан дауысы!

Бірақ, өкінішке орай, жат елдің, жебірлердің қыспағына түскен қандас бауырларымыздың адам аярлық ахуалын айқайлап айтқаным – кезінде Ақтөбе қаласында Ішкі саясат басқармасын басқарған, қазіргі қоғам белсендісі Жасарал Қуанышалин ағама тағы да (кезекті рет...) тым артық, асқан асылық көрінгенге ұқсайды...

Фейсбуктегі жазбасында мен сияқты ізетті інісіне барлық әдепсіз сөз, әңгүдік әңгімелерін қарша боратқан ағамыз атының басын ірки алмай, жарты әлемді «шулатыпты»... Дәлірегі, менің Қытай еліндегі жапа шеккен қазақтарға араша үшін дайындалған, әлі еш жерде жарияланбаған хатымды менің айналамдағы біреулер арқылы қолына түсіріп, менің аяғымнан шалмақшы болып алаөкпеге түсіпті...

Адамдық қасиетті былай қойғанда, саяси талқылау мәдениетінен жұрдайлық – екі елі ауыздан тек мейлінше лас, қоқысқа толы запыран құстырады екен. Еріксіз жиіркенесің...

Жылуы бар жалын лауламаса, бықсық түтін де тоқтамайды екен...

Жасарал ағам менің бақшама тас атудан әсте жалықпаса, әлеуметтік желі белсенділері былай дейді: ««Жасарал – Конституциядан орыс тілін алып тастау туралы Мұхтар Шаханов бастаған 138-дің хатына қол қоймай, қазақ тілін қолдаудан қашқан, ұлт мүддесін әлдеқашан сатып кеткен...»; «Нағыз ұлт көсемі, атақты ақиық ақын Мұхтар Шаханов ағамыз Жасаралға «Саясибомж» деп айдар таққан...»; «Жасарал – қазақ ұлтына қарсы арнайы ашылған жобаның ұйымдастырушысы, орыс пен батыстың жансызы Владимир Козловтың «Ұлтшылдарға қарсы пайдаланатын менің екіжүзді торпедом» деп атаған құлақкесті құлы...» т.с.с.

Шынында да, қазір гуглге «Козловтың малайы» деп жазсаңыз, Жасарал ағамыздың аты мен сұрқы сопаң етіп шыға келеді. Иә, Жасарал Қуанышалин – Козловтың малайы. Бұны Козловтың өзі Батыстағы бір жиналыста: «Біздің ұлтшылдарға қарсы торпедомыз бар, ол – Жасарал Қуанышалин» дегенін елдің бәрі естіген. Бұл туралы «Жас қазақ» газетіндегі «Жекпе-жек» айтыста Қуанышалинді сұлатып түсіріп, өшіріп тастаған белгілі қоғам қайраткері, Серік Сапарғали фейсбук парақшасында да, баспасөзде де ашық жазды. Ақ ит кіріп, қара ит шыққан шіріген аузынан ақ көбік ағып құлап жатқан Жасаралға «Жас қазақ» газеті редакциясы «жедел жәрдем» шақырғанын елдің бәрі біледі.

Бұл – өте ауыр сөздер! Мейлі, мені Жасарал ағамыз соншама жек көріп, көзсіз күстаналай берсін, бәрібір, мен ол кісіге бір заманда жастық қызбалықпен абайсызда аузымыздан шығып кеткен: «Қой терісін жамылған қорқау Жасарал...»; «Козлов пен Сизовтың құйыршығына айналған...»; «Қазір Жасарал да қаусаған шалдың жасына ілікті, бұлар жастарға қашан орын береді?..» т. б. деген сөздерді делқұлы қылықтары айтуға мәжбүр етті...

Бір топалаң кезеңдерде былай деп жазыппын: «...Мәселе – сіздің Владимир Козловты қолпаштап: «СІЗ – ЖҮЗ ҚАЗАҚҚА ТҰРАСЫЗ!» немесе «МЕН КОЗЛОВТЫ БҮКІЛ ҚАЗАҚҚА АЙЫРБАСТАМАЙМЫН!» – деген масқарашылық сөзіңізде болып отыр. Бұл сұмдық сөзге кеудесінде жаны, бойында рухы, жүрегінде намысы бар әрбір қазақ қарсы тұрып, өре түрегелді. Діні мен ділі бөлек келімсектер Козлов пен Сизовты қарапайым қазаққа жаны ашиды деу – есалаңның ертегісі ғана...

Саясат дегенің – сиқыры мол, зардабы зор апиын, есімізді жиып, етегімізді жинасақ, қазағымыз да ұтылмас. Мүмкін болса, тізе қосып, тізгіндесе жүріп, ұлтымыздың тәуелсіздігі мен қазағымыздың еркіндігін мәңгілік сақтап қалу жолындағы күресте батыл, адал, айнымас, табанды болсақ деймін. Мейлі, Жасарал – мен туралы қаншама ауыр сөз, қатты пікірлер айтса да, інілік ізетпен кешіруге тырысамын. Реніш-өкпе де, өштік те жоқ, жаман сөз бен қарғыс та айтпаймын...»

Жүрегіндегі иман-таразысы бұзылмаған пенде бұдан артық не десін?!.

ТАҒЫ бірде былай деп жазған екем: «...Арсыз-нәрсіздің, имансыз-ділсіздің, ұры-қарының, залым-зұлымның, сұмсұрқиянның, қорқақ-қорқаудың заманы жүріп тұр, қазір... Жаңа технология мен жетік өркениет те ТАСАДАН ТАС АТУҒА таптырмас құрал болды...»

Бір жалғаны жоқ, тұтас шындық!

***

...Жасарал ағам бір кезде өзінің Аслан Мусин басқарған Ақтөбе облысының әкімшілігінде дүрдей басқарманың тізгінін ұстап, облыс әкімінің тапсырмасын тастай етіп орындағыш, оппозициялық басылымдарды қудалағыш мұздай-көк шенеунік болғандығына қарамай, бір күн немесе бір минөт мемлекеттік қызметте жұмыс жасамаған айдаладағы мені біраздан бері биликке жапсырып, таңып қойды. Өзі кейін облыс әкімі қуып жібергесін жалған оппозиционерге айналып шыға келді. Ал қазір мұның сөзіне қарасаң, Шахановтан бастап, Дос Көшимге де, Ермұрат Бапи мен Әміржан Қосановқа да жаппаған жаласы жоқ, бәрі жалған оппозиционер, сатқындар. Тіпті 20 жылдай шетелде жүрген Қажыгелдиннің өзі де биліктің адамы, сатқын екен де, тек өзі ғана таза екен. Көзі қарақты оқырман бұған сенеді деп тек алжығандар ғана ойлайды. Мұндайда атамыз қазақ «Көкек – өз атын өзі атайды» дейді.

Былтыр қырғыз президенті Атамбаев қасиетті Кенесары бабамыздың аруағын қорлағанда бұл Жасаралыңыз алақайлап, Атамбаевқа алғыс айтып, парақшасында оған арнап видео жолдағанда сатқынның нағыз өзі екеніне анық көзім жеткен еді...

Егер, расында, менің билікте көкем һәм қолдаушым болса, қазір Қазақстанда «ҚАЖЫ ТВ», «Радио-ҚАЖЫ», «ҚАЖЫ сайты» тағы басқалар табан бастырмай, қаптап кеткен болар еді.

Ал, мен Жасарал ағаммен аузымды ауыртып мылжаңдап ұрыспай, жылы теңіздің жағасында:

«Ей, Жасарал, Жасарал!
(Өз буына – мас арал...)
Қарап тұр ғой Жасаған,
Тас атпағын тасадан!..
Бір «Алға»-дан сен қашып,
Бір «Алға»-ға жеткенде,
Ақтөбені ада қып,
Жау бетіне өткенде...» – деп,

дігідіктетіп өлең жазып жатар едім...

...Жылы теңіз түгіл, жылы сөзге зар болып; бір жағынан, ақыл-есі шайқалған кемпір-шалмен кердеңдесіп; екінші жағынан, көзіңе күліп, к...е үріп, арқаға қанжар сілтеген қарақұрым, қара қытаймен алысып-жұлысып жүргеніміз мынау...

Тек, сын айтып, сына қағуға аса шебер қазақ – кешіру мен есіруді шатастырып алмаса деймін...

**Қажымұқан ҒАБДОЛЛА**

## Дәурен БАБАМҰРАТ:

# ҰЛТШЫЛДЫҒЫМДЫ «ЛИБЕРАЛ» ДЕГЕН МАДАҚҚА АЙЫРБАСТАМАЙМЫН

**Алдыңғы аптада Брюссельде өткен кездесулер, қазақ қоғамы үшін үлкен жаңалық болды. Әлдекімдер «оппозициялық» деген теңеу таңып үлгерген бұл басқосу, көпшілік үшін «күтпеген», «ойламаған» немесе тіпті «мәнсіз-мақсатсыз» болып көрінген... Мен сол жиынға неге қатыстым?..**

Алыстан ұран шақырылып, атойлаған дауыс естілсе, делебеміз қозатын қазақпыз, өзім құрметтейтін елдің ағалары ат ерттеп, «көшке ер» дегенде, отыра алмадым. Брюссельден бірақ шықтым. Тәп-тәуір жиын (форум) болды. Бас жарылып, көз шыққан жоқ. Брюссельдің төрінде, Еуропарламенттің ішіндегі сан кездесулерде де, елдің ағалары қазақтың атын да, затын да өз деңгейінде ұстап, теңбе-тең кездесулер ұйымдастырды.

Менің түсінігімде кез-келген әрекет, шарасыздықтан, не болмаса қол қусырып бос отырғаннан мың есе пайдалы. Ал саясат – ол мақсатқа жұмыс істеу, оның жолында Ахаң айтпақшы (Ахмет Байтұрсынов) қызылмен де, ақпен де, бір үстелдің басына отырып, ұлттық мүдде жарасқанша бір болуға бармын. Өз әрекеттерімді шектемеймін, ешкімді мақтауға да, даттауға да уәделескенім жоқ. Бірінің алдында кіріптар, екіншінің алдында ұятты болатын еш жағдайым жоқ. Сол себепті «Хабардағы» «Сана» деген авторлық бағдарламамнан «Рухани жаңғыруды» қалай дәріптесем, «Жаңа Қазақстанның» құрамында да сондайлық дәрежеде қызмет етіп, өткінші биліктің кем-кетіктерін бетіне басып, Әміржан, Дос, Ермұрат ағаларым бастаған іске қолқабыс етпекпін.

«Либерал емессің, Брюссельге баратындай қандай құқың бар?!...» дейтіндерге жауабым мынау... Өзімді о баста «ұлтшыл» деп бекіткенмін. Сөзсіз қазақтың ұлтшылдығы шовинизмнен гөрі отаншылдыққа жақын. Біздің ұлтшылдық біреуді кемсіту емес, қазақты көтеру. Және осы атағымды ешқандай «либерал» деген «мадаққа» айырбастамасым анық. Дәл сол уақытта жалпы демократиялық құндылықтар, сөз бен ой бостандығы, адам құқы және заң біріншілігі – мен үшін талқыланбайтын ереже. Аталмыш жиынға қазақ қоғамының барлық сегменттерінен өкілдер жиналды. Соның ішінде менде бармын. Демек, Еуропаға барғам, бардым және Алла Тағала амандық берсе әлі талай барамын. Менің дәстүрлі, ұлттық құндылықтарды дәріптеуім оған еш кедергі келтірмейді.

Келесі қойылар сауал мынау. «Неге Брюссельге?...» Себебі елге келе алмайтын, бірақ ел мүддесі үшін алып-қосар ойы бар, сырттағы азаматтардың қатысуы маңызды болды. Оның үстіне еуроүкіметтің де бізге қатысты ой-пікірі қажет еді. Дәл осы жиын Қазақстанда өтсе, көп жиналыстың бірі ғана болып қалар еді. Дәл осыдай резонанс тумас еді.

Бұдан не шықты, не болады?... Форумға қатысқан адамдардың барлығын ел біледі, сыйлайды, құрметтейді. Бір жиыннан олардың көзқарасы 180 градусқа аунап түспесі анық. Бұл саяси процесс. Ел дамуына қатысты ой қосу, пікір алмасу, нақты іс-әрекеттер қимылын болжау, жоспарлау керек. Бірі орындалар, бірі орындалмас. Ары қарай не боларын әлі ұйымдастырушылардың өзі де білмейді, бірақ ниет түзу. Сол себепті «Әрекет еттіндер» деп жазғыру дұрыс емес. Не болмаса, біткен іске сыншы боп, «ал енді?...ал енді?...» дей берудің де қажеті шамалы. Бәріне уақыт төреші.

Бастысы – қоғамға да, билікке де ой тасталды. Әсіресе билік, келесі қадамдарын қоғаммен барынша санасып жасайды білем. Алаш азаматтары қажет болса, кез-келген уақытта осылай жинала алатынын, бірлесіп елдің болашағы үшін кіммен болса да, қай жерде болса ұйымдаса алатынын көрсетті. Бұның өзі, түсінген «билікке» үлкен қоңырау.

Осы орайда жастарға бір ой айта кетейін. Ашықтық пен әділдік, ұлттық мүдде мен саналы қоғам турасында қандай жиын болмасын, жастар еркін қатысуға құқылы. Ертеңгі елдің тұтқасын ұстайтын алыптар, осындай жиындардан қайнап шығады. Сондықтан, алдағы жиындарға да жастардың қатысуын құптаймын, шақырамын.

*Abai.kz*

## Торегали КАЗИЕВ:

# КАЗАХ ДЕРЖАЛ НА ПЛЕЧАХ НЕБО!



**Казахстанские ученые сопоставили ДНК казахов и воинственного народа хунну, а также представителей андроновской культуры, более известных как арии. Между тремя этими народами обнаружились близкие родственные связи. Исследование проводил научный руководитель проекта Shejire DNA Жаксылык Сабитов. Он выяснил, что андроновцы, жившие на территории Казахстана около 3-4 тысяч лет назад, имеют набор генов, который часто встречается у казахского рода табын (http://old.express-k.kz/show_article.php?art_id=109031).**
**Оказалось, подтверждение древности и известности этого рода можно найти в древнегреческих источниках, как повествуется в книге «Триумф Казахии». Об этом мы поговорили с автором книги, исследователем Торегали Казиевым.**

### ТОГЫМ – ПОСЕЙДОН ДРЕВНЕГРЕЧЕСКИХ ЛЕГЕНД

**– Токе, в своей книге вы приводите данные о древней истории предков казахов и проводите интересную параллель со сведениями из Геродота, Платона и др., о связи Посейдона с Тогым (Таракты), подродом Табын.**

– На стр. 253 книги «История» (М.2006) греческий историк 5 в. до н.э. Геродот пишет: «царские скифы приносят жертвы и Посейдону. Посейдон – Тагим ас ат» (бывает напечатано и «Фагимасат/Фагимасад», т.к. в древности одна буква обозначала два звука – «т» и «ф»). Греки считали почитаемых божествами, но казах понимает, что то были аруахи – почитаемые предки. Посейдон и Тогым – одно лицо, например, Посейдон – покровитель коневодства и моря, в руках у него трезубец – те же атрибуты имел и Тогым – в приведенном Геродотом имени указано также, что он из народа ас (одно из древних имен казахского народа) и конник – в роде Тогыма есть отделение жылкышы, возможно, что и автор коневодства вообще. О морских способностях говорит то, что самая северная точка Евразии на Таймыре до 17 в. отмечалась на мировых картах как мыс Табин (сейчас мыс Челюскина) и самая восточная на Чукотке тоже – мыс Табин (мыс Дежнева) (см. «Подвиг Семена Дежнева» и др.).

По казахским шежире Тогым – один из потомков Аргы Мака (Майкы Первого) и родоначальник таракты табынцев, обладателей тамги-трезубца, по-казахски «тарак». Майкы известен фразой: «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би!» – «У всех слов основа одна, праотец (слов) – Майкы би!». То есть Майкы считается автором праязыка. По булгарским летописям, Майкы (Джам) в 14953 г. до н.э. возглавил государство Идель, называвшееся и Ески Туран, провел реформу языка, который сохранился у казахов.

По летописям, Майкы принадлежал к династии абызов Дуло (Дулат), которые звали себя, свое племя и абызовский асатаяк в виде трезубца словом «казак», но слово это было сакральным и его запрещалось произносить без надобности. Идель (в казахских сказаниях – Жидели Байсын) раскинулся с областей севернее Татарстана до Жидели Байсына на стыке Афганистана, Таджикистана и Узбекистана. Археология подтверждает, что в каменном веке на территориях Восточной Европы, Казахстана, Средней Азии и Сибири памятники культуры почти идентичны (Л.Ф.Коробова/М.Закиев).



**– Геродот дает скифские соответствия некоторым из божеств: Гестия – Табити, Зевс – Папай, Гея – Апи, Аполлон – Ойтосир (Гойтосир), Афродита Небесная – Аргимпаса, Посейдон – Фагимасад. Возможно, скифское звучание было несколько иным, однако некоторые имена прочитываются по-тюркски: Папай – бабай по-тюркски «прародитель», Апи – Әби «прародительница» (ср. татар. «бабушка», әбибабай «бабушка-дедушка, прародители», каз. апа), Табити – Табиғат («природа»). А что есть у Платона?**

– А философ Платон (428–348 гг. до н.э.) писал в «Тимей» и «Критий», что Посейдон владел Атлантидой, его старшего сына звали Атлант («Отцовская клятва», «Солнечная клятва») – он был царем центральной области Атлантиды. Брата-близнеца Атланта звали Кадир (Гадир), мать Кілейта (Клейта), деда по матери Епен ер (Эпенор), бабушку Лебкипа (Левкипа) – сплошь казахские имена! И пишется, что земля та была богата рудами, металлом, народ жил счастливо и то был золотой век!

Цитата из «Крития» Платона»: «В продолжение многих поколений правители Атлантиды повиновались законам и жили в дружбе со сродным им божественным началом: они блюли истинный и во всем великий строй мыслей, относились к неизбежным определениям судьбы и друг к другу с разумной терпеливостью. Они не пьянели от роскоши, не теряли власти над собой и здравого рассудка под влиянием богатства, но, храня трезвость ума, отчетливо видели, что и это все обязано своим возрастанием общему согласию в соединении с добродетелью... но когда возобладал человеческий нрав, тогда они оказались не в состоянии далее выносить свое богатство и утратили благопристойность. Для того, кто умеет видеть, они являли собой досадное зрелище, ибо промотали самую прекрасную из своих ценностей, но неспособным усмотреть, в чем состоит счастливая жизнь, они казались прекраснее и счастливее как раз тогда, когда в них кипела безудержная жадность и сила»... И сообщает Платон, что за 9000 лет до философа Солона, которому рассказал это сказание египетский жрец, Атлантиду поглотил потоп – то есть около 9500 г. до н.э.

### «ПРОМЕТЕЙ БЫЛ ПРЕЖДЕ – СКИФСКИМ ЦАРЕМ!»

**– В вашей книге говорится и о Прометее...**

– Кроме Атланта – сына Посейдона, в древних источниках был и Атлант, сын Иапета и брат также знаменитого Прометея. Об этом писал Е.Г.Рабинович в статье «Атлантида. Текст: семантика и структура»: «Атлантический океан назвали по имени Атланта – сына Посейдона. А.В.Тахо пишет, что был еще титан Атлант, брат Прометея и отец Гесперид... два Атланта имеют не только общее имя, но и общие характеристики – сливаются в образе одного персонажа... Иапет был одновременно сыном Ноя и (как титан греческих мифов Иапет) отцом Прометея и Атланта, эпонима Атлантиды».

